ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 24 сәуір №216 Астана, Үкімет Үйі

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту және «Үкіметтік бағдарламалардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1136 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту және «Үкіметтік бағдарламалардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1136 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасында:

«Паспорт (негізгі параметрлер)» деген 1-бөлімде 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Қаржыландыру көздері және көлемі	республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат: 2017 – 40 295 647 мың теңге; 2018 – 67 392 995 мың теңге; 2019 – 41 540 291 мың теңге; 2) жергілікті бюджет есебінен бөлінетін қаражат: 2017 – 45 038 436 мың теңге; 2018 – 45 391 093 мың теңге; 2019 – 45 453 119 мың теңге

»;

«2.1. Осы Бағдарламада мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:» деген кіші бөлімде:

50) тармақша алып тасталсын;

51) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«51) үміткер – «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған қысқартылған жұмысшы, халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскер, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер, ауыл шаруашылығы кооперативтері және олардың мүшелері, шаруа және фермерлік қожалықтар, қызмет мерзіміне қарамастан зәкірлік кооперацияларға қатысушылар;»;

мынадай мазмұндағы 53) тармақпен толықтырылсын:

«53) зәкірлік кооперация – шағын және орта шаруа (фермерлік) қожалықтары және/немесе ауыл шаруашылығы кооперативтерінің және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері бар басқа да үміткерлердің ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру және өнімдерді кепілді өткізу мақсатында АӨК орта және ірі субъектілерімен әріптестігі.»;

«4. Бағдарламаның мақсаты, нысаналы индикаторлары, міндеттері және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген бөлімде:

«4.3 Міндеттер» деген кіші бөлімде:

«4.3.2. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» деген тармақта:

3, 4 және 5-кестелер мынадай редакцияда жазылсын:

«3-кесте. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту бойынша нәтижелер көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Іске асыру жылдары					Орындауға жауаптылар
			2017	2018	2019	2020	2021	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Кәсіпкерлік негіздеріне оқудан өткен адамдардың саны	мың адам	15	30	30	30	30	ҰКП (келісім бойынша), ЖАО
2	Бизнестерін ашқан және кеңейткен қатысушылардың саны, оның ішінде өткен жылдары кәсіпкерлік негіздеріне оқудан өткен қатысушылардың есебінен	%	20	20	20	20	20	АШМ, ҰЭМ, ЖАО

4-кесте. Ауылда және шағын қалаларда кәсіпкерлік бастамаларды қолдау бойынша нәтижелер көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Іске асыру жылдары					Орындауға жауаптылар
				2017	2018	2019	2020	2021	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Ауылда, оның ішінде зәкірлік кооперацияны дамыту үшін берілген кредиттердің/микрокредиттердің көлемі	млн. теңге	ЖАО есептері		44 759 10 000	31 043 10 000	31 043 10 000		АШМ, ЖАО, «ҚазАгроКепіл» АҚ (келісім бойынша)
2	Ауылда берілген кредиттердің/микрокредиттердің саны, кемінде	бірлік	ЖАО есептері	3300	11000	7500	7500	3900	АШМ, ЖАО
3	Ауылда берілген кепілдіктердің саны, кемінде	бірлік	ЖАО есептері	252	290	320	346	373	АШМ, ЖАО, «ҚазАгроКепіл» АҚ (келісім бойынша)
4	Ауылдағы қаржыландырылған бастапқы бизнестің үлесі, кемінде	%	ЖАО есептері	20	20	20	20	20	АШМ, ЖАО

5-кесте Қалаларда кәсіпкерлік бастамаларды қолдау бойынша нәтижелер көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Іске асыру жылдары					Орындауға жауаптылар
			2017	2018	2019	2020	2021	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Қалаларда, моноқалаларда берілген кредиттердің/Микрокредиттердің көлемі	млн. теңге	10000 7000 3000	16000	15000	15000	15000	ҰЭМ, ЖАО, «Даму» КДҚ» АҚ (келісім бойынша)
2	Қалаларда, моноқалаларда берілген кредиттер/микрокредиттер саны	бірлік	2500	3000	3750	3750	3750	ҰЭМ, ЖАО, «Даму» КДҚ» АҚ (келісім бойынша)
3	Қалаларда, моноқалаларда қаржыландырылған стартап жобалардың үлесі, кемінде	%	20 %	20 %	20 %	20 %	20 %	ҰЭМ, ЖАО, «Даму» КДҚ» АҚ (келісім бойынша)
4	Қалаларда, моноқалаларда берілген кепілдіктердің саны	бірлік	500	500	750	750	750	ҰЭМ, ЖАО, «Даму» КДҚ» АҚ (келісім бойынша)

»;

«5.2. Екінші бағыт: жаппай кәсіпкерлікті дамыту» деген кіші бөлімде:

«5.2.1. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту» деген тармақта:

он төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Оқуға қатысушыларды жинау туралы хабарландыру және оқыту кестесі бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ қаржылай емес қолдау операторының интернет-ресурсына орналастырылуға тиіс.»;

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды іске асыру тетігінде:

1), 2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) оқуға үміткерлер «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқыту мәселелері жөнінде консультация алу үшін өңірлік кәсіпкерлер палатасының (ӨКП) аудандық/қалалық филиалдарына/халықты жұмыспен қамту орталықтарына/ауылдық округтің немесе елді мекеннің әкіміне жүгінеді;

2) ӨКП-нің аудандық/қалалық филиалы халықты жұмыспен қамту орталықтары (портал арқылы электрондық түрде/қағаз түрінде) ұсынған оқуға үміткерлердің тізімінен жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқытуды ұйымдастырады (жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың, оның ішінде статусты өзектендіру кезінде анықталғандарының тізімін халықты жұмыспен қамту орталықтары «Еңбек нарығы» ААЖ арқылы қалыптастырады);

3) оқуға үміткерлер өңірлік кәсіпкерлер палатасының (ӨКП) аудандық/қалалық филиалдарына қатысуға өтінішпен жүгінеді және тізбесі кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту қағидаларында көзделген құжаттарды тапсырады;»;

5) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бастау Бизнес» жобасын қаржыландыру Бағдарламаның екінші бағытының операторы мен қаржылай емес қолдау операторының арасында тиісті шарт жасасу жолымен республикалық бюджет және/немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.»;

«5.2.2. Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау» деген тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Кредиттер/микрокредиттер алуға «Бастау Бизнес» жобасында оқуды аяқтағаны туралы сертификат алған (бизнес-жоспарларды қорғау кезеңіне жіберілгендер үшін) Бағдарлама қатысушылары басым құқыққа ие.»;

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпеген, халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар, кәсіпкерлік әлеуеті бар жұмысын жаңадан бастаған кәсіпкерлер, ауыл шаруашылығы кооперативтері және олардың мүшелері, шаруа және фермер қожалықтары Бағдарламаға қатысушылар болып табылады.

Қаржыландыру мақсаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің және зәкірлік кооперацияларға қатысушылардың қызметін кеңейту болып табылатын жобаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес оның салық органдарында тіркелуі және Халықты жұмыспен қамту орталығының МҚҰ/КС/ЕДБ/«АШҚҚҚ» АҚ-ға берген жолдамасының бар болуы Бағдарламаға қатысушының кредит/микрокредит алуы үшін міндетті шарт болып табылады.»;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Кредиттер/микрокредиттер:

1) ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда микробизнес ашу, ісін жаңа бастаған кәсіпкердің қызметін кеңейту, ауыл шаруашылығы кооперативтерін ашу және зәкірлік кооперацияларға қатысушылардың қызметін дамыту үшін;

2) қалаларда, моноқалаларда (шағын қалалардан басқа) жаңа микрокәсіпорындар құру, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің қызметін кеңейту үшін ұсынылады.»;

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Кредиттер/микрокредиттер ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің қызметін кеңейту және (немесе) зәкірлік кооперациялар мен ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысушылардың қызметін дамыту үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарының жолдамасы бойынша жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ете отырып, кемінде екі жаңа тұрақты жұмыс орнын құру шартымен ұсынылады.»;

мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылсын:

«Қаржы агенттігі жұмыскерлер санының орташа жылдық өсімінің серпінін айқындау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінен алған ақпаратты пайдаланады. Жұмыскерлер санының орташа жылдық өсімінің серпінін есептеу кезінде есепті күн келесі қаржы жылының басы болып табылады.»;

он бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаға қатысушыларға кредит/микрокредит беру мақсатында жергілікті атқарушы органдарға мынадай шарттармен бюджеттік кредит беріледі:

1) қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық қағидаттарында 0,01 % жылдық сыйақы мөлшерлемесімен 7 жылға;

2) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты – Бағдарлама шеңберінде бизнес-жобаларға микрокредит беру;

3) бюджеттік кредитті игеру кезеңі 6 айды құрайды және бюджеттік кредитті жергілікті атқарушы органға аударған кезден бастап есептеледі.»;

он сегізінші бөлік алып тасталсын;

жиырма бірінші және жиырма екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Микрокредит беру ұйымдарына және «АШҚҚҚ» АҚ-ға бюджеттік кредит беру шарттары:

1) кредит беру мерзімі – 7 жылдан аспайды;

2) сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 0,01 %;

3) игеру кезеңі – микрокредит беру ұйымдары мен «АШҚҚҚ» АҚ үшін - 12 ай;

4) нысаналы мақсаты – «АШҚҚҚ» АҚ үшін – Бағдарлама шеңберіндегі бизнес-жобаларға микрокредит беру; микрокредит беру ұйымдары үшін – Бағдарлама шеңберіндегі бизнес-жобаларға кредит/микрокредит беру үшін МҚҰ/КС/ЕДБ-ны қорландыру.

МҚҰ/КС/ЕДБ-ны қорландыру шарттары:

1) қорландыру мерзімділік, қайтарымдылық, ақылылық, мақсатты пайдалану шарттарында жүзеге асырылады. Микроқаржы ұйымдары үшін қарыз қаражаты микрокредит ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес қамтамасыз етілмей беріледі;

2) кредит беру мерзімі – 7 жылға дейін;

3) сыйақының номиналды мөлшерлемесі – «Даму» КДҚ» АҚ үшін жылдық 1 %-ға дейін және «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ үшін жылдық 2 %-ға дейін;

4) игеру кезеңі – кредиттік келісім жасасқан күннен бастап шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде 12 ай, қалаларда және моноқалаларда 6 ай;

5) нысаналы мақсаты – Бағдарлама шеңберінде бизнес-жобаларға кредит/микрокредит беру.»;

жиырма төртінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«(2) кредиттің/микрокредиттің ең жоғары сомасы:

ауылдық елді мекендерде (оларың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда – 2,5 мың АЕК-ке дейін, зәкірлік кооперацияны дамыту үшін – 5,0 мың АЕК-ке дейін;

қалаларда, моноқалаларда (Астана, Алматы, Ақтау, Атырау қалаларынан басқа) – 6,5 мың АЕК-ке дейін;

Астана, Алматы, Ақтау, Атырау қалаларында – 8,0 мың АЕК-ке дейін;»;

«5.2.3. Қалалардағы және ауылдағы кредиттерге/микрокредиттерге кепілдік беру» деген тармақта:

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ісін жаңа бастаған кәсіпкер үшін кепілдіктердің мөлшері кредит/микрокредит сомасынан 85%-дан аспайды.»;

«5.3. Үшінші бағыт: халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» деген кіші бөлімде:

«5.3.4. Инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтамасыз ету» деген тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті атқарушы органдар осы Бағдарлама шеңберінде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жергілікті бюджет қаражатын мынадай жұмыстар мен объектілер түрлері бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға пайдалана алады:»;

іске асыру тетігінде:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жергілікті атқарушы органдар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға құрылатын жұмыс орындары санының көрсеткіштерімен қоса, іріктелген инфрақұрылымдық жобалар бойынша жобалардың тізбесін ұсынады.»;

«Қажетті ресурстар» деген 6-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қажетті ресурстар

Бағдарламаны іске асыруға:

1) республикалық бюджеттен 2017 жылы – 40 295 647 мың теңге, 2018 жылы – 67 392 995 мың теңге, 2019 жылы – 41 540 291 мың теңге көзделеді;

2) жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2017 жылы – 45 038 436 мың теңге, 2018 жылы – 45 311 093 мың теңге, 2019 жылы – 45 453 119 мың теңге көзделеді.»;

«Бағдарлама өлшемшарттары» деген 7-бөлімде:

5) тармақша алып тасталсын;

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

«2-міндет. Ауылда және қалада кәсіпкерлік негіздерін қаржыландыру» деген кіші бөлімде «Нәтижелер көрсеткіштері:» деген бөлімнің 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«

1)	Ауылда берілген кредиттердің/микрокредит тердің саны	бірлік			АШМ, ЖАО	3300	11 000	7500	7500	3900			
2)	Қалаларда берілген кредиттердің/микрокредит тердің саны	бірлік			ҰЭМ, ЖАО, «Даму» КДҚ» АҚ (келісім бойынша)	2500	3000	3750	3750	3750			

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 26 сәуір №221 Астана, Үкімет Үйі

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ұлттық даму институтын айқындау туралы

«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 30-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ұлттық даму институты болып айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 28 сәуір №229 Астана, Үкімет Үйі

«Байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 наурыздағы №246 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 наурыздағы №246 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2010 ж., №25-26, 197-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру қағидалары»;

1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жедел-іздестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі, «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы, «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы, «Қарсы барлау қызметі туралы» 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.»;

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) абонент – байланыс қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

2) абоненттер туралы қызметтік ақпарат – байланыс желілерінде қарсы барлау қызметі мен жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу мақсаттарына ғана арналған және мыналар:

абоненттік нөмірлер иеленушілерінің жеке сәйкестендіру нөмірлері (жеке тұлғалар үшін) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірлері (заңды тұлғалар үшін) туралы мәліметтерді қоса алғанда, абоненттік нөмірлер туралы ақпарат;

ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары иеленушілерінің жеке сәйкестендіру нөмірлері (жеке тұлғалар үшін) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірлері (заңды тұлғалар үшін) туралы мәліметтерді қоса алғанда, ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру кодтары туралы ақпарат;

биллингтік мәліметтер (абоненттің алған қызметтері туралы мәліметтер);

техникалық регламент талаптарына сәйкес желідегі абоненттік құрылғының орналасқан жері;

деректер беру желісіндегі мекенжайы;

деректер беру желісіндегі интернет-ресурстарға өтініш жасау мекенжайы;

интернет-ресурстың сәйкестендіргіштері;

деректер беру желісінің хаттамалары қамтылған абоненттер туралы мәліметтер;

3) абоненттік нөмір – басқа абоненттік жабдықпен қосылу сол арқылы орнатылатын шартты жасасқан кезде абоненттің пайдалануына бөлінетін және желіде абонентті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін нөмір;

4) байланыс желісі – байланыс құралдары мен желілерден тұратын және телекоммуникацияларға немесе почта байланысына арналған технологиялық жүйе;

5) байланыс операторы – байланыс қызметтерін көрсететін және (немесе) байланыс желілерін пайдаланатын Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген жеке немесе заңды тұлға.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Қағидалардың талаптары почта байланысын қоспағанда, байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын байланыс операторларына (бұдан әрі – Оператор) қолданылады.»;

4-тармақ алып тасталсын;

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру тәртібі»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Оператор осы Қағидаларға сәйкес телекоммуникация құралдарынан абонентке көрсетілген қызметтер туралы қызметтік ақпаратты тұрақты жинауды жүзеге асырады және оның Оператор жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) сақталуын қамтамасыз етеді.»;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Абоненттер туралы қызметтік ақпаратты сақтау Қазақстан Республикасының аумағында ғана жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге Қазақстан Республикасының шетелдегі абоненттеріне байланыс қызметтерін көрсету жағдайларын қоспағанда, абоненттер туралы қызметтік ақпаратты беруге тыйым салынады.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Функционалды түрде Жүйе жинау, сақтау, басқару және қорғау құралдарының функцияларын орындайтын логикалық модульдерден тұрады. Жүйе модульдерінің өзара әрекеті хаттамасын Оператор байланыс желілерінде қарсы барлау қызметі мен жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыратын органмен келіседі.»;

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) абоненттер туралы ақпарат пен абонентке көрсетілген қызметтер туралы ақпараттың сақталуы;

заңды тұлғалар үшін – бизнес-сәйкестендіру нөмірі, шоттарды жеткізу үшін мекенжай;

жеке тұлғалар үшін – тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні, жеке сәйкестендіру нөмірі, электрондық почтаның мекенжайлары, почталық мекенжайы;

байланыс телефондарының нөмірлері; абоненттік жабдықтарды орнату мекенжайы; шартты жасасу және қолданылуын тоқтату күні; абонентке қолжетімді байланыс қызметтерінің тізбесі; абоненттік нөмір;

биллингтік мәліметтер – абоненттің жеке шоты бойынша ақпарат, шотты толтыру туралы ақпарат, деректерді беру желісіндегі абоненттердің мекенжайлары;

деректерді беру желісіндегі абоненттердің мекенжайлары және деректерді беру желісіндегі интернет-ресурстарға кірудің мекенжайы, интернет желісіне қол жеткізудің әрбір көрсетілген қызметі бойынша деректерді беру желісінің хаттамалары, оның ішінде: уақыт белдеулері есебімен желіде абонентті тіркеу күні мен уақыты; осы сессия үшін бөлінген динамикалық немесе статикалық IP-мекенжайы; желіге шығу нүктесі; желіге шығу жүзеге асырылған абоненттік нөмір және ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру коды; осы сессия ішінде берілген және қабылданған ақпарат көлемі; қызметтердің әрқайсысы көрсетілген уақыт кезеңі; пайдаланушы қолданған байланыс түрі, жіберілген немесе алынған электрондық хабарламаның мекенжайлары, почталық хабарламаның электрондық почта мекенжайлары, интернет-ресурсты сәйкестендіруші, уақыт белдеулері есебімен интернет-ресурста деректер өзгеруінің басы мен аяқталу күні және уақыты, сондай-ақ өзгеріс болған IP-мекенжайы;».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 2 наурыз №11-1-4/78 Астана қаласы

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 11-1-2/177 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы 10-бабының 1) тармақшасына және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 11-1-2/177 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11646 тіркелген, 2015 жылғы 17 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Құжаттарды қабылдау және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына паспорттар жасауға жіберу және олардың паспорттарына қажетті жазбалар енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды ресімдеуі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасына кіруге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуге визалар беру, олардың мерзімін ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес «Шетелдіктерге асырап алуға берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды (қыздарды) есепке алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының қызметтік паспорттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес «Құжаттарды заңдастыру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес «Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

8) осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының шетелде орналасқан кемелері апатқа ұшыраған жағдайда теңіз наразылығы туралы акт жасау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Құжаттарды қабылдау және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына паспорттар жасауға жіберу және олардың паспорттарына қажетті жазбалар енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.»;

9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«(2) паспортқа жазба енгізу үшін:

еркін нысанда жазылған өтініш;

баланың туу туралы куәлігі;

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

мөлшері 3,5х4,5 см екі түрлі түсті фотосурет;

консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

Өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не арнайы соған уәкілетті тұлғамен куәландырылған немесе берілген құжаттар тек арнайы куәландыру рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (заңдастыру немесе апостиль қою).

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде, қағаз түріндегі өтініштің көшірмесіндегі қабылдау күні, қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және құжаттар топтамасын қабылдаған уақыты көрсетілген белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды ресімдеуі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі немесе оның заңды өкілі өкілдік етуге құзыреттілігін растайтын құжаттарды ұсына отырып, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;

2) өмірбаян (өз қолымен жазылған);

3) 3,5х4,5 сантиметр көлемінде фотосурет;

4) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен ресімделген шетелге тұрақты тұру үшін шығуға рұқсат;

6) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерінің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 27 шілдедегі № 95 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша адамның соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12055 тіркелген);

7) балаларының туу туралы және неке қию туралы куәліктерінің көшірмелері (бар болған жағдайда);

8) шетелдік азаматтықты алу мүмкіндігін растайтын құжат;

9) консулдық алымның төленгені туралы құжат;

10) өтініш берушінің Қазақстан Республикасында тұратын жұбайының немесе оның асырауындағы адамдардың нотариалдық түрде куәландырылған Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға өтініш-келісімі және материалдық және өзге де наразылықтардың жоқ екендігі туралы өтініш-келісімі немесе олардың қайтыс болғаны туралы, азаматтың қайтыс болуы не хабарсыз кеткені туралы сот шешімінің көшірмелері.

18 жасқа толмаған, сондай-ақ іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға қатысты азаматтықтан шығу мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші куәландырған қолдаухатты, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін (асырап алушылар, қорғаншылар және қамқоршылар жергілікті атқарушы орган шешімінің көшірмесін ұсынады) не іс-әрекетке қабілетсіз адамның жеке басын куәландыратын құжатпен бірге олардың заңды өкілдері береді.

14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалар ата-анасының өтінішіне көрсетілетін қызметті беруші растаған жазбаша келісімін қоса береді.

Өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не арнайы соған уәкілетті тұлғамен куәландырылған не берілген құжаттар тек арнайы куәландыру рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (заңдастыру немесе апостиль қою).

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде, қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі қабылдау күні, қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және құжаттар топтамасын қабылдаған уақыты көрсетілген белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушылар құжаттарды ұсыну тәртібін сақтамаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушіге хабарлай отырып, кемшіліктерді жойғанға дейін материалдарды ресімдеуді тоқтата тұрады.»;

9-1 тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 11-1-2/420 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15884 тіркелген) Қазақстан Республикасының азаматтығы, Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтініштерді Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі;»;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасына кіруге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуге визалар беру, олардың мерзімін ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі»;

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні.

«В9» және «С1» (Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында баратын тұлғалар үшін) санаттағы визалар үшін – 5 (бес) ай және ұсынылған құжаттарға қосымша зерделеу қажет болған жағдайда аталған мерзім 7 (жеті) айға дейін ұзартылады;»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі немесе оның заңды өкілі өкілдік етуге құзыреттілігін растайтын құжаттарды ұсына отырып, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көлемі 3,5 х 4,5 сантиметр түрлі-түсті немесе қара-ақ фотосуреті бар виза алуға арналған визалық сауалнама;

вербалдық нота/ қолдаухат/ ҚР ІІМ-де немесе ҚР СІМ-де тіркелген шақыру (шақырушы тарап виза алушыға нөмірді және шақыруды беру күнін хабарлайды);

шет мемлекет азаматының жарамды дипломатиялық, қызметтік және шетелдік паспорты, не болмаса Қазақстан Республикасы осы қалыпта танылған және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге құқық беретін жеке басты куәландыратын өзге құжат;

консулдық алымның төленгендігін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

«В4» санаттағы виза үшін (халықаралық автомобильдік тасымалдарды жүзеге асыратын тұлғалар үшін) қосымша ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағымен автокөліктік құралдардың жүруіне рұқсат беретін құжаттар (рұқсат беру бланкісі);

халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру рұқсатының көшірмесі;

жүргізуші куәлігінің көшірмесі;

көлік құралының құжаттары;

«В5» санаттағы виза үшін (Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) тиісті куәлігі жоқ, тұрақты және чартерлік әуе рейстері ұшақтары экипаждарының, поезд бригадаларының, сондай-ақ теңіз және өзен кемелері экипаждарының мүшелері болып табылатын тұлғалар үшін) қосымша ұсынылады:

жазбаша өтініш және Қазақстан Республикасының аумағымен жүруіне рұқсат беретін құжаттар;

«В9» санаттағы виза үшін (Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында баратын тұлғалар үшін) қосымша ұсынылады:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларының» (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 14531 болып тіркелген) 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көші-қон полициясы бөлімшесінің қызметкерлері беретін сауалнама-өтініш бланкісі;

азаматтығына сай мемлекеттің жазбаша келісімі, дәлел ретінде шығу парақшасы не болмаса шет елге тұрғылықты тұруға шығуға рұқсат берілгенін куәландыратын басқа құжат (егер халықаралық келісімдермен басқа көзделмесе, босқын болып танылған немесе Қазақстан Республикасының саяси баспана берілген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдары және Қытай Халық Республикасынан келген этникалық қазақтарды қоспағанда);

өмірбаян;

2003 жылғы 26 қарашадағы № 1185 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлемге қабілеттігін растау ережелеріне сәйкес өзінің төлемге қабілеттігін растау туралы құжат;

азаматтығына жататын және (немесе) тұрғылықты тұратын мемлекеттің құзіретті органымен берілген сотталғандығы (сотталмағандығы) туралы құжат;

10-нан 16 жасқа дейінгі балалардың Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұруға берген нотариалды куәландырылған келісімі;

өтініш берушіге тұруға баспана беру және тұрақты тіркеуге қою туралы жеке немесе заңды адамдардың нотариалды куәландырылған шарты немесе келісімі;

өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінде өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7274 болып тіркелген) шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көрсетілген аурулардың жоқтығы туралы анықтама;

«В13» санаттағы виза үшін (Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өту үшін Қазақстан Республикасына жіберілетін тұлғалар үшін) қосымша ұсынылады:

жол жүру құжаттары, ресімделген виза немесе баратын елге кіруге құқық беретін басқа да негіздер;

жеке көлікпен бара жатқан адамның жол жүру құжаттары, ресімделген виза, жүргізуші куәлігі мен көлік құралын басқару құқығын растайтын құжаттар;

«С1» санаттағы виза үшін (тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келетін этникалық қазақтар) қосымша ұсынылады:

жеке басты куәландыратын құжаттарда ұлты туралы жазба болмаған кезде өтініш берушінің ұлтын растайтын құжаттар;

басым тәртіппен оралмандарды иммиграциялық квотаға енгізуге құқық беретін құжаттар (болған жағдайда);

өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінде Тізбеде көрсетілген аурулардың жоқтығы туралы анықтама;

соттылығының болуын не жоқтығын растайтын құжат;

«С2» санаттағы виза үшін (Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасы азаматының, Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат алған этникалық қазақтар мен бұрынғы отандастардың, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ бизнес иммигранттардың отбасы мүшесі болып табылатын адамдар үшін (кемінде екі жыл мерзім) қосымша ұсынылады:

шақырушы тараптың қолдаухаты (еркін нысанда);

Қазақстан Республикасы азаматтарын қоспағанда, шақырушы адамның уақытша тұруға рұқсаты (нотариалды куәландырылған көшірмесі);

шақырушы адам мен отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжат (нотариалды куәландырылған көшірмесі);

шақырушы адамның Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында белгіленген әрбір отбасы мүшесін ай сайын ұстауға арналған ақшасының кемінде ең төменгі жалақы мөлшерінің болуын растау;

шақырушы адамның Қазақстан Республикасы аумағында тұрғын үйінің болуын растау, оның алаңы әрбір отбасы мүшесіне белгіленген ең төмен нормаларға, сондай-ақ санитарлық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нормаларға сәйкес келуі тиіс (нотариалды куәландырылған көшірмесі);

шақырушы адамның отбасының мүшелері үшін медициналық сақтандыру;

Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің уәкілетті органдары ұсынған шақырушы адаммен отбасылық қатынасты растайтын құжат (нотариалды куәландырылған көшірме);

отбасының кәмелетке толған мүшелеріне соттылығының болуы не болмауын растайтын құжат;

«С4» санаттағы виза үшін (экономиканың басым салаларында талап етілетін мамандықтар бойынша өз бетінше жұмысқа орналасу үшін Қазақстан Республикасына бара жатқан немесе Қазақстан Республикасында жүрген тұлғалар үшін) біліктілік сәйкестігі туралы анықтама қосымша ұсынылады;

«С5» санаттағы виза үшін (бизнес-иммигранттар үшін) қосымша ұсынылады:

еңбек етуге кедергі болатын аурулардың жоқ екендігін растайтын медициналық анықтама;

медициналық сақтандыру;

соттылықтың болуы не болмауы туралы тұрақты тұру немесе азаматтығына тиісті мемлекеттің уәкілетті органының берген анықтамасы;

тұрақты тұру мемлекетінің немесе азаматтығына тиісті мемлекеттің уәкілетті органы берген кәсіпкерлік қызметті жүргізуге сот шешімі бойынша тыйым салудың бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама;

«С10» санаттағы виза үшін (жеке сапармен бара жатқан этникалық казақтар үшін) ұлттық тиесілігін растайтын құжаттар қосымша ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде, қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі қабылдау күні, қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жадайда) және құжаттар топтамасын қабылдаған уақыты көрсетілген белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Шетелдіктерге асырап алуға берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды (қыздарды) есепке алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі немесе оның заңды өкілі өкілдік етуге құзыреттілігін растайтын құжаттарды ұсына отырып, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша балаларды есепке қою туралы өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған балаларды есепке қою жеке карточкасы;

3) Ішкі істер органдарының шетелге тұрақты тұруға шығу туралы рұқсат жазбасы бар шетелдіктердің асырауына берілген балаға (қызға) – Қазақстан Республикасының азаматына берілген паспорттың түпнұсқасы;

4) баланың паспортының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) баланы (қызды) асырап алушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) баланың 3,5х4,5 сантиметр көлеміндегі түрлі-түсті екі фотосуреті;

7) баланың туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

8) бала (қыз) асырап алу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

9) шетелдіктердің баланы (қызды) асырап алу өтінішін қанағаттандыру туралы сот шешімінің сот куәландырған көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде, қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі қабылдау күні, қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және құжаттар топтамасын қабылдаған уақыты көрсетілген белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар»;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Консулдық заңдастыру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Консулдық заңдастыру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты»;

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Құжаттарды заңдастыру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі немесе оның заңды өкілі өкілдік етуге құзыреттілігін растайтын құжаттарды ұсына отырып, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) жеке тұлға үшін:

еркін нысандағы өтініш;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасын салыстырып тексеру үшін);

заңдастыруға жататын құжат;

консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

2) заңды тұлға үшін:

еркін нысандағы өтініш;

уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасын салыстырып тексеру үшін);

заңдастыруға жататын құжат;

консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

құрылтай құжаттардың көшірмелері;

өкілеттікті растайтын құжаттың көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде, қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі қабылдау күні, қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және құжаттар топтамасын қабылдаған уақыты көрсетілген белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.»;

9-1 тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16116 тіркелген) Құжаттарды заңдастыру қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасының шетелде орналасқан кемелері апатқа ұшыраған жағдайда теңіз наразылығы туралы акт жасау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар»;

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 8 мамырдағы №11-1-2/177 бұйрығына 3-қосымша»;

көрсетілген бұйрыққа 6-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 11-1-2/177 бұйрығына 4-қосымша»;

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 8 мамырдағы №11-1-2/177 бұйрығына 5-қосымша»;

көрсетілген бұйрыққа 8-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 8 мамырдағы №11-1-2/177 бұйрығына 6-қосымша»;

(Соңы 18-бетте)

(Соңы. Басы 17-бетте)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 13 қарашадағы № 169 бұйрығына 41-қосымша

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 41 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 13 ноября 2017 года № 169

Аумақтық статистика органына ұсынылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	**40 сағаттан артық** более 40 часов

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»

Статистикалық нысан коды 261103163
Код статистической формы 261103163

1-Ц (көрсетілетін қызметтер)
1-Ц (услуги)

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтеріне бағалары туралы есеп
Отчет о ценах производителей на услуги

Тоқсандық Квартальная | **Есепті кезең** Отчетный период □□ **тоқсан** квартал □□□□ **жыл** год

Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің кодына сәйкес қызметінің негізгі немесе қосалқы түрі 52 – Қойма шаруашылығы және қосалқы көліктік қызмет және 73 – Жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерделеу болып табылатын іріктемеге түскен заңды тұлғалар мен (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады
Представляют попавшие в выборку юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, с основным или вторичным видом деятельности согласно коду Общего классификатора видов экономической деятельности: 52 – Складское хозяйство и вспомогательная транспортная деятельность, 73 – Рекламная деятельность и изучение рыночной конъюнктуры

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 5-күнге (қоса алғанда) дейін
Срок представления – до 5 числа (включительно) после отчетного периода

БСН коды код БИН □□□□□□□□□□□□

1. Сақтау, қоймалау қызметтеріне және ілеспе көрсетілетін қызметтерге бағаны өлшем бірлігіне теңгемен, қосылған құн салығын есепке алусыз көрсетіңіз
Укажите цены на услуги хранения, складирования и сопутствующие услуги, в тенге за единицу измерения, без учета налога на добавленную стоимость

Көрсетілетін қызмет түрі[1] Вид услуги[1]	**Көрсетілетін қызмет коды**[1] Код услуги[1]	**Жүк түрі**[1] Вид груза[1]	**Өкіл көрсетілетін қызмет** Услуга-представитель			**Баға** Цена		**Баға өзгерісінің себебі**[4] Причина изменения цены[4]
			Өлшем бірлігі[2] Единица измерения[2]	**р/с №** № п/п	**Көрсетілетін қызмет сипаттамасы** Характеристика услуги	**есепті тоқсандағы** отчетного квартала	**өткен тоқсандағы**[3] предыдущего квартала[3]	
А	Б	В	Г	Д	Е	1	2	3

Ескертпе:
Примечание:

[1] **А, Б, В бағандары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – Комитет) интернет-ресурсындағы «Респонденттер үшін» бөлімінде орналасқан немесе респонденттерге аумақтық статистика органдары ұсынатын Топтамаларға сәйкес толтырылады**
[1] Графы А, Б, В заполняются в соответствии с Группировками, размещенными в разделе «Для респондентов» на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан (далее – Комитет) или предоставляемым респондентам территориальными органами статистики

[2] **Г бағаны Комитеттің интернет-ресурсындағы «Респонденттер үшін» бөлімінде орналасқан немесе респонденттерге аумақтық статистика органдары ұсынатын Өлшем бірліктері Жіктеуішіне сәйкес толтырылады**
[2] Графа Г заполняется в соответствии с Классификатором единиц измерения, размещенным в разделе «Для респондентов» на интернет-ресурсе Комитета или предоставляемым респондентам территориальными органами статистики

[3] **2-баған есепті жылдың бірінші тоқсанының есебінде ғана толтырылады**
[3] Графа 2 заполняется только в отчете за первый квартал отчетного года

[4] **3-баған баға өзгерген жағдайда Комитеттің интернет-ресурсында орналасқан немесе респонденттерге аумақтық статистика органдары ұсынатын Баға өзгерісі себептерінің анықтамалығына сәйкес міндетті түрде толтырылады**
[4] Графа 3 заполняется в обязательном порядке при изменении цены в соответствии со Справочником причин изменения цены, размещенным на интернет-ресурсе Комитета или предоставляемым респондентам территориальными органами статистики

2. Жарнама агенттерінің, БАҚ-қа жарнаманы ұсыну, нарық конъюнктурасын зерттеу және қоғамдық пікірді зерделеу бойынша көрсетілген қызметтерге бағаны өлшем бірлігіне теңгемен, қосылған құн салығын есепке алусыз көрсетіңіз
Укажите цену на услуги рекламных агентств, по представлению рекламы в СМИ, по исследованию конъюнктуры рынка и изучению общественного мнения в тенге за единицу измерения, без учета налога на добавленную стоимость

Көрсетілетін қызмет түрі[1] Вид услуги[1]	**Көрсетілетін қызмет коды**[1] Код услуги[1]	**Көрсетілетін қызмет типі (көрсетілетін қызмет түрі, БАҚ, зерттеу типі)**[1] Тип услуги (вид услуги, СМИ, тип исследования)[1]	**Өкіл қызмет** Услуга-представитель			**Баға** Цена		**Баға өзгерісінің себебі**[4] Причина изменения цены[4]
			Өлшем бірлігі[2] Единица измерения[2]	**р/с №** № п/п	**Көрсетілетін қызмет сипаттамасы** Характеристика услуги	**есепті тоқсандағы** отчетного квартала	**өткен тоқсандағы**[3] предыдущего квартала[3]	
А	Б	В	Г	Д	Е	1	2	3

Атауы Наименование______ **Мекенжайы** Адрес______

Телефоны Телефон______

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)
Адрес электронной почты (респондента)______

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз[5]
Согласны на распространение первичных статистических данных[5] □

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз[5]
Не согласны на распространение первичных статистических данных[5] □

Орындаушы
Исполнитель______
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) | **телефоны** телефон

Бас бухгалтер
Главный бухгалтер______
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) | **қолы** подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға
Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) | **қолы** подпись

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)
Место для печати (при наличии)

Ескертпе:
Прмечание:

[5] **Аталған тармақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады**
[5] Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона «О государственной статистике» Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 13 қарашадағы №169 бұйрығына 42-қосымша

«Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағалары туралы есеп» (коды 261103163, индексі 1-Ц (көрсетілетін қызметтер), кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағалары туралы есеп» (коды 261103163, индексі 1-Ц (көрсетілетін қызметтер), кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағалары туралы есеп» (коды 261103163, индексі 1-Ц (көрсетілетін қызметтер), кезеңділігі тоқсандық) статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) өкіл көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметтердің сапасына және негізгі қасиеттеріне әсер етпейтін, бір-бірінен болмашы өзгешеліктерімен ерекшеленетін және өзінің тұтынушылық мақсаты жағынан біркелкі, белгілі бір көрсетілетін қызмет түрлерінің топтағы жиынтығы;

2) ерекшелік – бағаны тіркеу үшін іріктеліп алынған көрсетілетін қызметтің жекелеген түрін сәйкестендіру үшін падаланылатын суреттеме немесе сипаттамалар тізбесі.

3. Статистикалық нысанның 1-бөлімін жүктің барлық түрлерін сақтау және қоймалау бойынша қызмет (астық сақтау қоймасы, белгіленген жалпы пайдаланудағы сауда қоймалары, тоңазытқыш қоймалар, бункерлер мен басқа да сақтау орындарының қызметі) көрсететін, еркін сауда аймағында тауарларды сақтау, қарқынды ауа ағысында өнімді мұздату бойынша көрсетілетін қызметтер, көліктік компаниялардың көрсетілетін қызметтері және тиеу-түсіру жұмыстары, сонымен қатар ілеспе көрсетілетін қызметтер (жүкті қабылдау-жіберу, орау, таңбалау) бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар толтырады.

4. Статистикалық нысанның 2-бөлімін жарнама агенттіктерінің, бұқаралық ақпарат құралдарына (бұдан әрі – БАҚ) жарнама ұсыну, нарық конъюнктурасын зерттеу және қоғамдық пікірді зерделеу бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар толтырады.

5. Бағаларды байқау кәсіпорынның айналымында ең үлкен үлесті алатын және жыл ішінде өзгермейтін сипаттамалары бар көрсетілетін қызмет түрлерінің нақты өкіл көрсетілетін қызметтері:

1) статистикалық нысанның 1-бөлімінде – іріктеп алынған жүк түрлерін сақтау және қоймалау, көліктік-экспедиторлық көрсетілетін қызметтер, тиеу-түсіру жұмыстары мен ілеспе көрсетілетін қызметтер бойынша;

2) статистикалық нысанның 2-бөлімінде – жарнама жасау, орналастыру, жарнамалық және маркетингілік компаниялар өткізу, БАҚ-қа жарнама ұсыну, нарық конъюнктурасын зерттеу және қоғамдық пікірді зерделеу бойынша жүргізіледі.

6. Көрсетілетін қызметтің бір түрі бойынша (А, Б бағандары) байқау үшін жеке жолдар бойынша енгізілетін, олардың ерекшеліктеріне (сипаттамасына) байланысты бір немесе бірнеше өкіл қызмет іріктеледі және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – Комитет) интернет-ресурсына орналастырылған немесе респонденттерге аумақтық статистика органдары ұсынатын Көрсетілетін қызмет түрлерінің топтамасына сәйкес толтырылады.

7. Статистикалық нысанның 1-бөліміндегі «Жүк түрі» В бағанына Комитет интернет-ресурсына орналастырылған немесе респонденттерге аумақтық статистика органдары ұсынатын Жүк түрлерінің топтамасына сәйкес жүк атауы енгізіледі.

8. Статистикалық нысанның 2-бөліміндегі «Көрсетілетін қызмет типі» В бағанында Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылған немесе респонденттерге аумақтық статистика органдары ұсынатын Көрсетілетін қызмет типтерінің топтамасына сәйкес көрсетілетін қызмет түрінің атауы енгізіледі.

9. Г бағанында іріктелген өкіл көрсетілетін қызметтің өлшем бірлігі, Д бағанында – өкіл көрсетілетін қызметтің реттік нөмірі көрсетіледі, ал Е бағанында оның сипаттамасы жазылады.

10. Г бағаны Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылған немесе респонденттерге аумақтық статистика органдары Өлшем бірліктері классификаторына сәйкес толтырылады.

11. «Көрсетілетін қызмет сипаттамасы» Е бағанына өкіл көрсетілетін қызмет бағасын анықтайтын сипаттаманың суреттеуі міндетті түрде енгізіледі:

1) нысанның 1-бөлімінде сақтау қызметі үшін – бұл сақтау түрі (ашық, жабық, едендік, сөрелі, температуралық режимдегі немесе басқа да ерекше жағдайы бар бөлмежай, контейнерлік алаң), оралған немесе бос, көлем немесе көлем (өлшем) бірлігі, шарт түрі (қарапайым жалдау, жауапты сақтау), кедендік қоймада және басқа да жағдайда сақтау. Көліктік-экспедициялық қызметтер үшін – бұл тасымалдау бағыты, көлік түрі, ілеспе құжаттардың саны және сипаты.

2) нысанның 2-бөлімінде жарнама саласында көрсетілетін қызметтер үшін – бұл тираж, түстілік, қағаздың тығыздылығы, орналасқан орны, жарнамалық конструкцияның өлшемі, жарнаманың ұзақтығы, көрсету уақыты.

Өкіл көрсетілетін қызмет келесі есепті кезеңде бағаны тіркегенде көрсетілетін қызметтің орындалу сапасының толық салыстырмалылығы қамтамасыз етілетіндей болып сипатталады.

Іріктеліп алынған өкіл көрсетілетін қызметтер сипатамасы және нөмірленуі жыл бойы өзгеріссіз қалады.

12. Баға деңгейіне әсер ететіндей сипаттама елеулі өзгерген кезде өкіл көрсетілетін қызмет «жаңа» ретінде есепке алынады. Бұдан бұрын бағалық байқауға іріктеліп алынбаған, бірақ кәсіпорын көрсетілетін немесе оны өндіру енді ғана басталған өкіл көрсетілетін қызмет «жаңа» деп аталады. «Жаңа» өкіл көрсетілетін қызмет бойынша сипаттама көрсетіледі және оған соңғыдан кейінгі реттік нөмір беріледі.

13. 1-бағанда көрсетілетін қызметтің барлық кешені бойынша тұтынушымен жасасқан немесе есепті тоқсанда қолданысын жалғастырып жатқан нақты шартқа сәйкес бағалар көрсетіледі.

2-баған ағымдағы жылғы 1-тоқсанда ғана толтырылады. Онда өткен жылғы соңғы көрсетілген қызмет бағасы қойылады.

14. Баға қосылған құн салығын есепке алусыз теңгемен, бүтін сандармен көрсетіледі.

15. 3-баған баға өзгерген жағдайда Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылған немесе респонденттерге аумақтық статистика органдары ұсынатын Баға өзгерісінің себептері анықтамалығына сәйкес толтырылады.

Әрбір өкіл көрсетілетін қызмет бойынша бағаның өзгеру себептерінің бір немесе бірнеше кодын көрсетуге болады. «Өзге де себептер» кодын таңдаған кезде Баға өзгерісінің себептері анықтамалығында көрсетілмеген себеп жазылуы тиіс.

16. Респондент есепті кезеңде қызметі болмаған жағдайда, есепті кезең мерзімінің аяқталатын күнінен кешіктірмей статистикалық нысандар орнына, қызметінің болмау себептерін және осы қызметтің жүзеге асырылмайтын мерзімдерін көрсете отырып, қызметінің болмауы туралы хабарламаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес ұсынады.

17. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Комитетінің интернет-ресурсына (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

18. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1 немесе 2-бағандар бойынша деректер болған жағдайда, есепті тоқсанның А, Б, В, Г, Д және Е бағандарының деректері өткен тоқсандағы А, Б, В, Г, Д және Е бағандарының деректеріне тең.

2) есепті жылғы 1-тоқсанға нысандағы 2-бағанды толтыру міндетті.

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 13 қарашадағы № 169 бұйрығына 43-қосымша

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 43 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 13 ноября 2017 года № 169

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды тіркеуге арналған деректерді енгізудің электрондық нысаны

Электронная форма ввода данных для регистрации цен на потребительские товары и услуги

Статистикалық нысан коды 263107084
код статистической формы 263107084

Ц-101э

Күн сайынғы Ежедневная | **Есепті кезең** Отчетный период □□□□ | **жыл** год

1. Байқаудың базалық объектісі (тізімнен таңдау)
Базовый объект наблюдения (выбор из списка)
1.1 Базалық объектінің сипаттамасы
Характеристика базового объекта

Атауы Наименование	
Коды Код	
Мекенжайы Адрес	
Тіркеу күніндегі өкіл тауарлар (көрсетілетін қызметтер) саны Количество товаров (услуг) - представителей в день регистрации	

2. Базалық объектідегі өкіл тауар (көрсетілетін қызмет) (тізімнен таңдау)
Товар (услуга) - представитель в базовом объекте (выбор из перечня)

№	**Коды** Код	**Өкіл тауардың (көрсетілетін қызметтің) атауы** Наименование товара (услуги) -представителя	**Тіркеу күні** Дата регистрации	**Тіркеу уақыты** Время регистрации

3. Алғашқы статистикалық деректер
Первичные статистические данные

1	**Өкіл тауардың (көрсетілетін қызметтің) атауы** Наименование товара (услуги) - представителя	
2	**Өлшем бірлігі** Единица измерения	
	Өткен кезең Предыдущий период	
3	**Өкіл тауардың (көрсетілетін қызметтің) мәртебесі** Статус товара (услуги) - представителя	
4	**Өкіл тауардың (көрсетілетін қызметтің) сипаттамасы** Характеристика товара (услуги) - представителя	
5	**Өндірген ел** Страна производства	
6	**Бөлшектеп өлшеу** Расфасовка	
7	**Тіркеу сәтіндегі баға, теңге** Цена в момент регистрации, тенге	
8	**Қайта есептеу бағасы, теңге** Цена в пересчете, тенге	
	Есепті кезең Отчетный период	
9	**Өкіл тауардың (көрсетілетін қызметтің) мәртебесі (өткен кезеңмен салыстырмалылыққа сәйкес таңдау)** Статус товара (услуги) - представителя (выбор согласно сопоставимости с предыдущим периодом)	
10	**Өкіл тауардың (көрсетілетін қызметтің) сипаттамасы** Характеристика товара (услуги) - представителя	
11	**Өндіруші ел** Страна производства	
12	**Бөлшектеп өлшеу (көрсетіледі)** Расфасовка (указывается)	
13	**Тіркеу сәтіндегі баға, теңге (көрсетіледі)** Цена в момент регистрации, тенге (указывается)	
14	**Қайта есептеу бағасы, теңге** Цена в пересчете, тенге	
15	**Баға индексі** Индекс цен	
16	**Ескерту** Примечание	

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 13 қарашадағы № 169 бұйрығына 44-қосымша

«Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды тіркеуге арналған деректерді енгізудің электрондық нысаны» (коды 263107084, индексі Ц-101э, кезеңділігі күн сайынғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды тіркеуге арналған деректерді енгізудің электрондық нысаны» (коды 263107084, индексі Ц-101э, кезеңділігі күн сайынғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды тіркеуге арналған деректерді енгізудің электрондық нысаны» (коды 263107084, индексі Ц-101э, кезеңділігі күн сайынғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі түсініктемелер осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) баға индексі – өткен кезеңмен салыстырғандағы есепті кезеңдегі бағалар деңгейі өзгерісінің салыстырмалы көрсеткіші;

2) базалық объект – бағаларды тіркеуге іріктеліп алынған байқау объектісі;

3) бөлшектеп өлшеу – тіркелген тауардың сандық (салмақтық) көрсеткіші;

4) өкіл тауар (көрсетілетін қызмет) – бұл тауар тобындағы тауардың (көрсетілетін қызметтің) сапасы мен негізгі тұтыну қасиеттеріне әсер етпейтін және мақсаты бойынша біртекті бір-бірінен елеусіз ерекшеліктерімен (бөлшектерімен) айрықшаланатын, белгілі бір тауар (көрсетілетін қызмет) түрлерінің жиынтығы;

5) өкіл тауардың (қызметтің) мәртебесі – бағаны тіркеу уақытында сатылымда тіркелетін тауардың, қызметтің бар, уақытша жоқ немесе болмауы және оның өткен кезеңмен салыстырмалылығын қамтамасыз ету;

6) өндіруші ел – тауар өндіріліп шығарылған ел;

7) тіркеу бағасы – бұл сапасы, сатылу жағдайлары мен уақыт кезеңдері нақты анықталған белгілі бір тауар, көрсетілетін қызмет түріне төленген ақшалай бірлік саны.

3. Баға мен тарифтерді базалық сауда объектілерінде және қызмет көрсету саласында тасымалданатын есептеуіш құрылғыны (бұдан әрі – ТЕҚ) қолдана отырып, электрондық тіркеуді статистика органдары жүзеге асырады.

4. Статистикалық нысанның бірінші бөлімінде ТЕҚ-да тіркеу күніне жүктелген тізімнен бағаны тіркеу үшін базалық объект және қажет болған жағдайда, 1.1-кіші бөлімнен оның толық сипаттамасы таңдалады.

Екінші бөлімде тізімнен нақты базалық объектідегі бағасын тіркеуге жататын өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) таңдап алынады.

Үшінші бөлімде 1-2-жолдар тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтердің тізімінен және «Өлшем бірліктерінің мемлекетаралық жіктеуші» (бұдан әрі – ӨБМЖ) анықтамалығынан таңдалынады.

Базалық объектілердің тізімі, тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтердің тізімі, тауарлар мәртебесінің анықтамалығы (бұдан әрі – ТМА) және ӨБМЖ тіркеу басталғанға дейін өңірлік органдардың баға жинау бойынша мамандары ТЕҚ-ға жүктейді.

5. 3-8-жолдарда автоматты түрде бағаны тіркеудің өткен кезеңінің ақпараты көрсетіледі.

6. Есепті кезеңде 9-13-жолдар міндетті түрде толтырылады. 9-жол ТМА-дан таңдалады.

10, 11-жолдарға деректер автоматты түрде 4,5-жолдардан тасымалданады және есепті (9-жол) мен өткен (3-жол) кезеңдердегі тауар мәртебесінің сәйкестілігіне байланысты олардың түзетілуі мүмкін.

12-жолда тіркелген тауардың нақты бөлшектелген өлшемі көрсетіледі.

13-жолда тіркелген тауардың, көрсетілетін қызметтің нақты бөлшектелген өлшеміне баға енгізіледі. Баға теңге және тиынмен тіркелетін (үтірден кейін екі таңбамен) тұрғын үй коммуналдық қызметтердің жекелеген түрлеріне тарифтерден басқаларына бүтін сандармен көрсетіледі.

14-жолда тіркеу бағасын (13-жол) стандартты өлшем бірлігіне автоматты түрде қайта есептеу жүзеге асырылады, мысалы: 13-жол/12-жол × стандартты өлшем бірлігіндегі салмағы (саны).

15-жолда қайта есептелген есепті кезеңдегі бағаны (14-жол) қайта есептелген өткен кезеңдегі бағаға (8-жол) бөліп, 100%-ға көбейткенде баға индексі автоматты түрде анықталады. Үтірден кейінгі бір таңбаға дейін дөңгелектенеді.

16-жол егер 15-жолдағы баға индексі 90%-дан кем болса немесе 110%-дан жоғары болса толтырылады. Өкіл–тауардың (көрсетілетін қызметтің) баға өзгерісінің себебі, сонымен қатар өкіл–тауардың (көрсетілетін қызметтің) сипаттамасы өзгерген жағдайда және басқасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 13 қарашадағы №169 бұйрығына 45-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының күші жойылды деп тануға жататын кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) «201_ жылы тұрғын үй бағаларын тіркеу дәптері (коды 7813101, индексі 1-ЦРЖ, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 30 қазандағы № 33 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9919 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) «Тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағаларын тіркеуге арналған деректерді енгізудің электрондық нысаны» (коды 7823108, индексі Ц-101э, кезеңділігі күн сайынғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 4 қарашадағы № 40 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9962 болып тіркелген);

3) «Баға статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 8 қыркүйектегі №137 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12142 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

4) «Баға статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 137 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 29 қарашадағы №281 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14598 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 12 қаңтарда жарияланған).

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 30 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16039 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 29 қаңтар №11 Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Шайқақова Г.Ж.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Тізбенің 6-тармағының отыз екінші және отыз үшінші абзацтары осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап бұрын жасалған шарттардан туындаған қатынастарға қолданылады.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі ___________Д. Абаев
2018 жылғы 7 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
___________Т. Сүлейменов
2018 жылғы «_____»_________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
Министрдің міндетін атқарушы ___________Р.Дәленов
2018 жылғы 27 ақпан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 11 қаулысына қосымша

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. «Екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыра алатын туынды бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдары базалық активтерінің тізбесін және оларды сатып алу тәртібін, сондай-ақ қайталама нарықта мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау жағдайларын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 210 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4892 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Базалық активтері осы қаулының 1-тармағында айқындалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында және (немесе) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелеріне, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшеріне (бұдан әрі – № 170 нормативтер) 8-қосымшаға сәйкес Халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылар тізімінде көрсетілген халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылар жүйесінде ұйымдастырылмаған нарықта мәмілелер жасау жағдайларын қоспағанда, мынадай жағдайлардың бірін сақтаған кезде жасалады:»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) туынды қаржы құралдарының базалық активі Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында және (немесе) № 170 нормативтерге 8-қосымшаға сәйкес Халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылар тізімінде көрсетілген халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылар жүйесінде айналысқа жіберілген;»;

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Екінші деңгейдегі банктер жүргізуін орталық депозитарий жүзеге асыратын ұйымдастырылмаған нарықта жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізу үшін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12957 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларының және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес есепті аптадан кейінгі аптаның бірінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 14-00-ден кешіктірмей орталық депозитарийге ақпарат береді. Ақпарат ақпаратты беру күнінде қолданыста болған, ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жасалған туынды қаржы құралдарымен барлық мәмілелер, сондай-ақ есепті кезеңде жасалған және орындалған мәмілелер бойынша беріледі.»;

3-1-тармақта:

тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының резиденттері-эмитенттер және Қазақстан Республикасының резиденттері емес-эмитенттер шығарған (ұсынған), № 170 нормативтерге 8-қосымшаға сәйкес Халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылар тізімінде көрсетілген халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылар жүйесінде айналысқа жіберілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздармен халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында мәмілелер жасау;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16149 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Облигацияларын банктер және банк холдингтері меншікке сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесін және банктер мен банк холдингтері меншікке сатып алатын облигацияларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» 2017 жылғы 29 қарашадағы № 234 қаулысымен белгіленген ең төменгі рейтингі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау;».

2. «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдардың және өзге жабдықтардың нұсқаулығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 165 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7734 болып тіркелген, 2012 жылғы 29 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 562-569 (27642) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар мен өзге жабдықтарға қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар мен өзге жабдықтарға қойылатын талаптар бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдардың және өзге жабдықтардың нұсқаулығында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар мен өзге жабдықтарға қойылатын талаптар»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар мен өзге жабдықтарға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар мен өзге жабдықтарға (бұдан әрі – бағдарламалық қамтамасыз ету) қойылатын талаптарды және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларында сақталған деректерге санкцияланбаған қол жеткізуден ақпаратты сақтау мен қорғауды қамтамасыз ететін қауіпсіз жұмысты ұйымдастыруды айқындайды.

Талаптар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арасында жасалған тиісті келісім негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық ресурстарын пайдалану кезінде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.»;

1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) осы ақпаратты енгізуде (қор биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарын сатып алуға және сатуға өтінімдерді енгізуді және орталық депозитарийдің (тіркеушінің) бағдарламалық қамтамасыз етуі арқылы орталық депозитарийдің (тіркеушінің) клиенттері бұйрықтарын енгізуді қоспағанда) қателерді болдырмау мақсатында түрлі пайдаланушылардың бұйрықтарды екі рет енгізу жүйесін («бірінші енгізу» және «екінші енгізу») қолданушы қамтамасыз ету. Ақпаратты енгізуге «екінші енгізуді» пайдаланушылар «бірінші енгізудің» пайдаланушылары енгізген ақпаратқа қол жеткізе алмайды. «Екінші енгізудің» деректері «бірінші енгізудің» деректеріне сәйкес келмеген жағдайда, бағдарлама тиісті хабарламаны береді;»;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде не «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті, кастодиандық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін Талаптардың 1-тармағында көзделген талаптарға берілген қосымша бағдарламалық қамтамасыз ету:»;

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті, кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың бағдарламалық қамтамасыз етуі Талаптардың 1 және 2-тармақтарында көзделген талаптарға қосымша:»;

3-1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың бағдарламалық қамтамасыз етуі Талаптардың 1, 2 және 3-тармақтарында көзделген талаптарға қосымша мыналарды қамтамасыз етеді:»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде не «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті, кастодиандық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар алмасатын электрондық құжаттардың үлгі нысандары орталық депозитарийдің және (немесе) тіркеушінің ішкі құжатында айқындалады және орталық депозитарийдің және (немесе) тіркеушінің қағидалар жинағында айқындалған талаптарға сәйкес келеді.»;

6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қор биржасының бағдарламалық қамтамасыз етуі Талаптардың 1-тармағында көзделген талаптарға қосымша мыналарды қамтамасыз етеді:»;

7-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Орталық депозитарийдің (тіркеушінің) бағдарламалық қамтамасыз етуі Талаптардың 1-тармағында, 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген талаптарға қосымша мыналарды қамтамасыз етеді:»;

тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тіркелген тұлғаның жеке шоты (қосалқы шоты) бойынша операцияларды жасағанға дейін:

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының және орталық депозитарийдің (тіркеушінің) қағидалар жиынтығының талаптарын ескере отырып, осындай операция жасау мүмкіндігін;

тіркелген тұлғаның жеке шоты (қосалқы шоты) бойынша операция жасалатын құжаттар деректемелерінің болу және орталық депозитарийдің (тіркеушінің) қағидалар жиынтығының талаптарына сәйкес келу мәніне тексеруді;»;

3) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының және орталық депозитарийдің (тіркеушінің) қағидалар жиынтығының талаптарына жасауға болжанған операцияның сәйкес келмеуі анықталса;

тіркелген тұлғаның жеке шоты (қосалқы шоты) бойынша операция жасалатын құжаттардағы деректемелердің болмауы немесе орталық депозитарийдің (тіркеушінің) қағидалар жиынтығының талаптарына сәйкес келмеуі анықталса;»;

5) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Талаптардың мақсаттары үшін аудит журналы деп бағдарламалық қамтамасыз етудің қызмет етуі процесінде штаттық және сыни қимылдарын көрсету мақсатында әзірленген мамандандырылған құрал түсіндіріледі;»;

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Клиринг ұйымының бағдарламалық қамтамасыз етуі Талаптардың 1-тармағында көзделген талаптарға қосымша:».

3. «Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 168 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7733 болып тіркелген, 2012 жылғы 19 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде № 401 (27475) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері туралы»;

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Мыналар үшін өтініш берушіге жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері белгіленсін:»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы мынадай ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға:

акционерлік қоғамның - республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 000 еселік мөлшерінде;

жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің - республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселік мөлшерінде;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«2. 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 70 000 мөлшерін құрайтыны белгіленсін.».

4. «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 298 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8051 болып тіркелген, 2012 жылғы 14 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде № 746-751 (27823) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың қағидалары»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті (бұдан әрі – трансфер-агенттік қызмет) жүзеге асырудың талаптары мен тәртібін белгілейді.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Клиентке көрсетілетін трансфер-агенттің қызметіне ақы төлеу осы клиенттің есебінен жүзеге асырылады.»;

5-тармақта:

тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының атынан құжаттарға қол қою құқығына ие трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы өкілдерінің нотариат куәландырылған қол қою үлгілері және оның мөр бедері (бар болса) бар құжатты;»;

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«заңды тұлғаның атынан құжаттарға қол қою құқығына ие оның өкілдерінің нотариат куәландырылған қол қою үлгілері және осы заңды тұлғаның мөр бедері (бар болса) бар құжатты;»;

10-тармақ алып тасталсын;

12-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) трансфер-агент және клиенттер жүзеге асыратын, қабылданған және берілген құжаттарды (ақпаратты) салыстырып тексерудің тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға бұйрықтың бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ұсынған нұсқаулықтарға (түсініктемелерге, нұсқауларға) сәйкес толық болу және трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының қызметін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеті бар тұлғалардың дұрыс толтыру мәніне тексеру тәртібін;»;

17-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Беруге арналған құжаттарды (ақпаратты) алған кезде трансфер-агент ондағы қойылған қолдар мен мөр бедерін (бар болса) Қағидалардың 5-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацында, 2) тармақшасында және 3) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген құжаттардағы үлгілермен салыстырып тексереді, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға бұйрықтың бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ұсынған нұсқаулықтарға (түсініктемелерге, нұсқауларға) сәйкес толық болуын және трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының қызметін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеті бар тұлғалардың дұрыс толтыруын тексереді.».

5. «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9248 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

36-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Инвестициялық портфельді басқарушы туынды қаржы құралдарымен ұйымдастырылмаған нарықта брокердің қызметін пайдаланбастан дербес жасалған мәмілелерді жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын тізілімге (бұдан әрі – тізілім) енгізу үшін есепті аптадан кейінгі аптаның бірінші жұмыс күнінің Астана қаласының уақыты бойынша сағат 14-00-ден кешіктірмей орталық депозитарийге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12957 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларының талаптарына және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат ұсынады.».

6. «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі бірыңғай тіркеуші қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9803 болып тіркелген, 2014 жылғы 18 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі тіркеуші қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі тіркеуші қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі бірыңғай тіркеуші қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі тіркеуші қызметін жүзеге асыру қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі тіркеуші қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) және «Инвестициялық қорлар туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі (бұдан әрі – Инвестициялық қорлар туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін (бұдан әрі – тізілімдер жүйесі) жүргізу жөніндегі тіркеуші қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Жеке шотта қамтылған тіркелген тұлға, инвестициялық пай қоры немесе инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы туралы мәліметтерді өзгерту операциясын тіркеуші осы өзгерістерді растайтын құжаттар және (немесе) тіркелген тұлғадан, инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясынан алынған ақпарат негізінде тіркеушінің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен жүргізеді.

Жеке шотта қамтылған, пайларды ұстаушы болып табылатын тіркелген тұлға туралы мәліметтерді (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса) және (немесе) заңды тұлғаның атауын өзгерту туралы мәліметтерді қоспағанда) өзгерту операциясы, егер ол инвестициялық пай қорының қағидаларында тіркеушінің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен көзделсе, осы өзгерістерді растайтын, басқарушы компания тіркеушіге берген тіркелген тұлғаның құжаттары негізінде жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 63-1-тармақпен толықтырылсын:

«63-1. Мүлікті сенімгерлік басқару шартының қолданыс мерзімі аяқталған кезде (егер өзгесі мүлікті сенімгерлік басқару шартында немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделмесе) сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастауды тіркеуші сенімгерлік басқару құрылтайшысының немесе мүлікті меншік иесінің хабарламасы мен мүлікті сенімгерлік басқару шартының негізінде жүргізеді.»;

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«67. Тіркеуші жеке шотты жабу бойынша операцияны жеке шотты жабуға бұйрықтың негізінде жүргізеді. Жеке шот жабылған кезде клиентке тіркеушінің ішкі құжатында белгіленген нысанда тиісті хабарлама жіберіледі.

Оларға қатысты банкроттық немесе тарату рәсімі аяқталған заңды тұлғалардың жеке шоттарын жабу бойынша операция және ондай жеке шоттарда бағалы қағаздар болмаған жағдайда, заңды тұлға қызметінің тоқтатылғанын растайтын Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде жүзеге асырылады.

Қайтыс болған деп танылған немесе қайтыс болған деп жарияланған жеке тұлғалардың жеке шоттарын жабу бойынша операция және ондай жеке шоттарда бағалы қағаздар болмаған жағдайда, қайтыс болғаны туралы куәліктің және (немесе) тиісті сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.»;

77-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне тіркеушінің ішкі құжаттарында айқындалған уәкілетті тұлғалар қол қояды және тіркеушінің қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабанымен расталады.»;

80-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Эмитенттің ірі акционерлері туралы анықтамаға тіркеушінің ішкі құжаттарында айқындалған уәкілетті тұлғалар қол қояды және тіркеушінің қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабанымен расталады.»;

81-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Акционерлер тізіміне тіркеушінің ішкі құжаттарында айқындалған уәкілетті тұлғалар қол қояды және тіркеушінің қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабанымен расталады.»;

82-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жеке шоттан үзінді-көшірмеге тіркеушінің ішкі құжаттарында айқындалған уәкілетті тұлғалар қол қояды және тіркеушінің қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабанымен расталады.»;

88-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұйрықтардың орындалуы туралы есепке тіркеушінің ішкі құжаттарында айқындалған уәкілетті тұлғалар қол қояды және тіркеушінің қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабанымен расталады.»;

89-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұйрықты орындаудан бас тартуға бірінші басшы немесе оның орнындағы адам немесе тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес тізілімдер жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды және тіркеушінің қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабанымен расталады не Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып электрондық құжат нысанында жасалады және беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 91-1-тармақпен толықтырылсын:

«91-1. Тіркеушінің клиенттері трансфер-агент қызметтерін пайдаланған жағдайда қызметтерін трансфер-агентке осы клиент дербес төлейтін трансфер-агент қызметтерінің құнын есептемегенде, тіркеушінің қызметтерін жеке төлейді.»;

қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді-көшірме Тізбеге қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

7. «Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12957 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Қоса беріліп отырған Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Осы Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) әзірленді және орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың талаптары мен тәртібін белгілейді.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Орталық депозитарий тіркеушінің акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 167 қаулысымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9803 болып тіркелген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі тіркеуші қызметін жүзеге асыру қағидаларына және орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес жүзеге асырады.»;

34-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Орталық депозитарийдің мемлекеттік бағалы қағаздарға депозитарлық қызмет көрсетуді жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және орталық депозитарийдің қағидалар жиындығында айқындалады.»;

39-1-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымының және (немесе) оның клиенттерінің қосалқы шоттарында мәмілелер жасауға шектеулер белгіленген бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтар) есепте болса, Қағидалардың осы тармағында көрсетілген іс-қимылдарды орталық депозитарий осы бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есепке алу жүзеге асырылатын қаржы ұйымының және (немесе) оның клиенттерінің қосалқы шоттарында осындай салынған шектеулер туралы және осы шектеулерді салған адамдарға осындай бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) оларға салынған шектеулермен одан әрі есепке алу жүзеге асырылатын қосалқы шоттардың жаңа деректемелері көрсетіле отырып жүргізілген операциялар туралы мәліметтерді бір мезгілде көрсете отырып, жүзеге асырады.»;

1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Орталық депозитарийдің қызметін
жүзеге асырудың қағидаларына
1-қосымша»;

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Орталық депозитарийдің қызметін
жүзеге асырудың қағидаларына
2-қосымша»;

3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Орталық депозитарийдің қызметін
жүзеге асырудың қағидаларына
3-қосымша»;

4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Орталық депозитарийдің қызметін
жүзеге асырудың қағидаларына
4-қосымша».

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне қосымша

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі тіркеуші қызметін жүзеге асыру қағидаларына қосымша

нысан

Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді-көшірме

20 __ жылғы____ _____________ уақыттағы жағдай бойынша № _______

_____________________________ ______________________
(үзінді-көшірме жасалған күн) (уақыты)

Бағалы қағаздарды ұстаушы туралы мәліметтер:

Заңды тұлға - бағалы қағаздарды ұстаушының атауы, жеке тұлға - бағалы қағаздарды ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	
Заңды тұлға - бағалы қағаздарды ұстаушының жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері немесе бағалы қағаздарды ұстаушының – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі және күні	

Жеке шоттың атауы				
№	Эмитенттің атауы	Эмитенттің орналасқан жері	Бағалы қағаздардың түрі және ұлттық сәйкестендіру нөмірі (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын сәйкестендіргіш)	Облигациялардың (исламдық бағалы қағаздардың) өтеу күні
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Бағалы қағаздар саны (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының)				Бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының санына арақатынасы (пайызбен)		Қосымша мәліметтер
жалпы саны	пайдасына ауыртпалық салу жүзеге асырылған тұлғаны көрсете отырып, ауыртпалық салынғандар	оқшауланған	Сенімгерлік басқарушының атауын көрсете отырып сенімгерлік басқаруға берілгендер	орналастырылғандар	дауыс беретіндер	
6	7	8	9	10	11	12

____
(тіркеушінің атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы, телефон нөмірі, факс нөмірі,
электрондық поштасының мекенжайы, интернет-ресурс)

Қол қоюға уәкілетті адам ________________________ ______________
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), атқаратын лауазымы) (қолы)

Тіркеуші мөртабанының орны

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16643 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 26 ақпан №33 Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында, сондай-ақ «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ оны пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 221 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7913 болып тіркелген, 2012 жылғы 17 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде 678-682 (27754) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ оны пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздері, сондай-ақ оны пайдалану бағыттары мониторингінің мақсаты банктердің, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және олардың клиенттерінің ішкі валюта нарығындағы операциялары туралы, клиенттердің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы және шетел валютасында банк шотын ашпай жүргізілген ақша аударымдары туралы ақпаратты жинау арқылы шетел валютасының келіп түсу (жұмсау) көздерін, сатып алу (сату) мақсаттарын сәйкестендіру және бағалау болып табылады.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздері, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасын пайдалану бағыттары бойынша есептілікті (бұдан әрі – есептілік) екінші деңгейдегі банктер, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, «Қазпошта» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – банктер) және банктерді қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар (бұдан әрі – кәсіби қатысушылар) ұсынады.

5. Нұсқаулықтың мақсаттары үшін банктің клиенттеріне заңды тұлғаны құрмай шаруашылық субъектілері ретінде тіркелгендерін қоса алғанда резидент және бейрезидент - жеке тұлғалар, сондай-ақ осы банкте банк шоттары ашылған филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда банктер болып табылмайтын резидент және бейрезидент - заңды тұлғалар жатады.

Нұсқаулықтың мақсаттары үшін кәсіби қатысушының клиенттеріне заңды тұлғаны құрмай шаруашылық субъектілері ретінде тіркелгендерін қоса алғанда резидент және бейрезидент - жеке тұлғалар, сондай-ақ осы кәсіби қатысушы брокерлік қызмет көрсету туралы шарттар жасасқан олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда банктер болып табылмайтын резидент және бейрезидент - заңды тұлғалар жатады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Есептілік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) орталық аппаратына электрондық түрде ұсынылады және мыналарды:

1) Нұсқаулыққа 1-қосымшада белгіленген «Клиенттердің банк шоттары және банк шотын ашпай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын;

2) Нұсқаулыққа 2-қосымшада белгіленген «Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын;

3) Нұсқаулыққа 3-қосымшада белгіленген «Клиенттердің шетел валютасындағы банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын;

4) Нұсқаулыққа 4-қосымшада белгіленген «Банк клиенттерінің шетел валютасының ірі көлемдерін сатып алу операциялары туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын;

5) Нұсқаулыққа 5-қосымшада белгіленген «Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын қамтиды.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Банктер ай сайын Нұсқаулыққа 1, 2, 3, 4-қосымшаларда белгіленген нысандар бойынша есептерді есепті айдан кейінгі айдың он бесіне (қоса алғанда) дейін ұсынады.

Кәсіби қатысушылар Нұсқаулыққа 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша есепті ай сайын есепті айдан кейінгі айдың он бесіне (қоса алғанда) дейін ұсынады.»;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 3 ақпандағы №9 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Брокердің және (немесе) дилердің ұйымдық құрылымы және қызметкерлерінің біліктілігі»;

17-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«17. Брокер және (немесе) дилер клиенттің, сондай-ақ осы брокермен және (немесе) дилермен шарттық қатынастарға түсуге ниетті тұлғаның алғашқы талап етуі бойынша клиенттің, сондай-ақ осы брокермен және (немесе) дилермен шарттық қатынастарға түсуге ниетті тұлғаның талап етуін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде танысып шығу үшін брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарын және бірінші басшы (ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға) қол қойған және брокердің және (немесе) дилердің мөрбедерімен (бар болса) расталған банк болып табылмайтын брокердің және (немесе) дилердің бірінші санаттағы тәуекелдерінің жабылуын сипаттайтын көрсеткіштер мәндерінің олар Қағидалардың 49-тармағында көзделген бағалы қағаздармен мәмілелерді жасауы кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 тіркелген «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысында (бұдан әрі – № 214 қаулы) белгіленген талаптарға сәйкес келуі туралы брокердің және (немесе) дилердің жазбаша растауын ұсынады.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Брокерлік қызмет көрсету туралы шарт. Клиенттік тапсырыс»;

26-тармақтың 2) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қол қою (оның ішінде заңды тұлғаның клиенттік тапсырыстарға қол қою құқығы бар өкілдерінің) және заңды тұлғаның мөр бедерінің (бар болса) үлгілері бар, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9876 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысымен бекітілген Номиналды ұстауға берілген, ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықта эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді номиналды ұстау жүйесінде (орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде) тіркеу, номиналды ұстаушының есепке алу жүйесінде және (немесе) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының өзінің номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты тіркеушінің, орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларының 9-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәліметтер қамтылатын нотариалды куәландырылған құжат;»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Банк болып табылмайтын брокер және (немесе) дилер шетел валютасымен жасайтын мәмілелерді қоспағанда, қаржы құралдарымен мәмілелер жасау»;

46-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) шет мемлекеттердің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16149 болып тіркелген «Облигацияларын банктер және банк холдингтері меншікке сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесін және банктер мен банк холдингтері меншікке сатып алатын облигацияларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 234 қаулысымен белгіленген рейтингі бар орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік бағалы қағаздар мәртебесі бар облигацияларды бастапқы нарықта орналастырған кезде олармен мәмілелер жасау;»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

«4-1-тарау. Банк болып табылмайтын брокердің және (немесе) дилердің шетел валютасымен мәмілелер жасауы

63-1. Брокер және (немесе) дилер уәкілетті органның шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы болған кезде (қолма-қол емес шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бөлігінде) брокерлік шарт шеңберінде қор биржасында қолма-қол емес шетел валютасын сатып алу немесе сату мәмілелерін (қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес валюталық своп операцияларына жататын мәмілелерді қоспағанда) тек қана жеке тұлға - клиенттің есебінен және тапсырмасы бойынша жасайды.

63-2. Егер брокерлік шартта көзделген болса, брокер және (немесе) дилер жеке тұлға - клиентке қолма-қол емес шетел валютасын сатып алу немесе сату бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

63-3. Брокер және (немесе) дилер брокерлік шарт шеңберінде жеке тұлға - клиенттерге тиесілі қолма-қол емес шетел валютасын есепке алу және сақтау үшін брокердің және (немесе) дилердің үлестес тұлғалары болып табылмайтын банктерде және (немесе) орталық бағалы қағаздар депозитарийінде және (немесе) қор биржасында және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарында банк шоттарын ашады.

63-4. Қолма-қол емес шетел валютасын сатып алу немесе сату мәмілелері бойынша брокердің және (немесе) дилердің міндеттемелерін орындау бұрын жасалған мәмілелер бойынша оның талаптарымен қамтамасыз етілетін жағдайда қоспағанда, брокердің және (немесе) дилердің қор биржасында қолма-қол емес шетел валютасын сатып алу немесе сату мәмілелерін жасауы қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес сатып алынатын қолма-қол емес шетел валютасына толығымен алдын ала ақы төлеу немесе сатылатын қолма-қол емес шетел валютасын алдын ала жеткізу талаптарымен ғана жүзеге асырылады.

63-5. Бір жеке тұлға - клиентке келетін әрбір сауда күніне лимит (бұдан әрі – лимит) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мәміле жасау күніне белгілеген теңгенің АҚШ долларына ресми бағамы бойынша есептелген теңгемен бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Брокер және (немесе) дилер әрбір жеке тұлға - клиентке қатысты брокерлік шарт шеңберінде қоса алғанда 2 (екі) жұмыс күніне дейін есеп айырысу кезеңі бар қолма-қол емес шетел валютасын сатып алу бойынша жасалған мәмілелердің және осы мәмілелерді жасау күнінде есеп айырысу кезеңі бар қолма-қол емес шетел валютасын сату бойынша жасалған мәмілелердің көлемі арасындағы айырманы білдіретін қолма-қол емес шетел валютасын сатып алуға лимит белгілейді, сондай-ақ сауда күні ішінде осы лимиттің сақталуына бақылау жасайды.

63-6. Клирингтік ұйымның және (немесе) орталық қарсы агенттің қызметін қолдана отырып қор биржасында қолма-қол емес шетел валютасымен мәмілелер жасау талаптары мен тәртібі, сондай-ақ осындай мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету талаптары мен тәртібі қор биржасының, клирингтік ұйымның және (немесе) орталық қарсы агенттің ішкі құжаттарында белгіленеді.

Брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарында қор биржасында қолма-қол емес шетел валютасымен мәмілелер жасау тәртібіне (жасауға өтінім беруге) қойылатын қосымша талаптар айқындалады.»;

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-тарау. Есепке алуды ұйымдастыру»;

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-тарау. Маржиналдық мәмілелерді жүзеге асыру ерекшеліктері»;

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-тарау. Брокерлердің және (немесе) дилерлердің андеррайтингтік қызметі»;

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-тарау. Ішкі бақылау».

3. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Шайқақова Г.Ж.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің Төрағасы ______________ Н. Айдапкелов
2018 жылғы «___» _________

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы №33 қаулысына қосымша

Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ оны пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулыққа 5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

«Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп»

Есепті кезең: 20___ жылғы ___________________

Индекс: 5-INV
Кезеңділігі: ай сайын
Ұсынады: шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне (қоса алғанда) дейін.

Нысан

____
(кәсіби қатысушының толық атауы)

1-бөлім. Кәсіби қатысушының операциялары

№	Көрсеткіштің атауы	Жолдың коды	Барлығы мың (теңге)	Оның ішінде валюта түрлері бойынша (валютаның мың бірлігімен)			
				USD	EUR	RUB	CNY
А	Б	В	1	2	3	4	5
1	Кәсіби қатысушының клиенттердің тапсырмалары бойынша шетел валютасын сатып алуы	111					
2	Кәсіби қатысушының клиенттердің тапсырмалары бойынша шетел валютасын сатуы	112					
3	Бір клиенттің күніне шетел валютасын сатып алатын ең көп көлемі	120					

2-бөлім. Шетел валютасымен операциялар жүзеге асырған клиенттер саны

№	Көрсеткіштің атауы	Жолдың коды	Валюталар түрлері бөлігінде операциялар жүзеге асырған клиенттер саны			
			USD	EUR	RUB	CNY
А	Б	В	1	2	3	4
1	шетел валютасын сатып алған клиенттер саны	210				
2	шетел валютасын сатқан клиенттер саны	220				

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

____ ________________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Бас бухгалтер ________________________________ ______________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы: ___________________________________ ______________
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы телефоны

Есепке қол қойылған күн 20___ жылғы «____» _____________

«Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

«Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп»

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – 5-нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. 5-нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. 5-нысан шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алу және сату көлемін (1-бөлім. «Кәсіби қатысушының операциялары») және шетел валютасын сатып алу және сату операцияларын жүзеге асырған клиенттер санын (2-бөлім. «Шетел валютасымен операциялар жүзеге асырған клиенттер саны») көрсетеді.

4. 5-нысанды толтырған кезде бухгалтерлік есеп мақсатында операция жасалған күні қабылданған валюта айырбастау бағамы пайдаланылады. 5-нысанда негізгі активті валюталау күніне нақты қоя отырып, шетел валютасын теңгеге, сол сияқты басқа валютаға сатып алу және сату көлемдері көрсетіледі. Мың бірлікпен берілген деректер үшін бес жүз бірліктен кем сома нөлге дейін, ал бес жүз бірлікке тең және одан асатын сома мың бірлікке дейін дөңгелектенеді.

2-тарау. 5-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бөлімнің 1-бағаны бойынша сатып алынатын немесе сатылатын шетел валютасының жалпы көлемі мың теңгемен көрсетіледі. 1-бөлімнің 2, 3, 4 және 5-бағандары бойынша тиісінше сатып алынатын және сатылатын АҚШ доллары (USD), еуро (EUR), Ресей рублі (RUB) және қытай юаны (CNY) көлемі тиісті валютаның мың бірлігімен көрсетіледі.

6. 1-бөлімнің 111 және 112-кодты жолдарында кәсіби қатысушының клиенттердің тапсырмалары бойынша Қазақстан қор биржасында айырбастау операциялары бойынша мәліметтер қамтылады.

7. 1-бөлімнің 120-кодты жолында валютаның әрбір түрі бойынша бір операциялық күндегі бір клиенттің тапсырмасы бойынша кәсіби қатысушы сатып алған шетел валютасының ең көп көлемі көрсетіледі.

8. 2-бөлімде валюталар түрлері бөлігінде кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алған және сатқан клиенттерінің саны туралы деректер көрсетіледі.

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16700 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 26 ақпан №39 Алматы қаласы

Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолданатын аппараттық-бағдарламалық кешендердің бақылау чегінің нысаны мен мазмұнын белгілеу туралы

2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 166-бабына сәйкес, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолданатын аппараттық-бағдарламалық кешендердің (бұдан әрі – аппараттық-бағдарламалық кешендер) бақылау чегінің нысаны мен мазмұнын белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – банк) қолма-қол ақша арқылы ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру кезінде берілетін аппараттық-бағдарламалық кешендердің бақылау чегінің мынадай міндетті деректемелері белгіленсін:

1) банктің (оқшауланған бөлімшенің, өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшенің) атауы;

2) банктің (оқшауланған бөлімшенің) бизнес сәйкестендіру нөмірі;

3) аппараттық-бағдарламалық кешеннің салық органындағы тіркеу нөмірі;

4) аппараттық-бағдарламалық кешеннің бақылау чегінің банкте (оқшауланған бөлімшеде, өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшеде) берілген реттік нөмірі;

5) операция жүргізілген күн және уақыт;

6) операцияның атауы;

7) әрбір жүргізілген операцияның сомасы;

8) жүргізілген операциялар бойынша жалпы қорытынды.

(Соңы 27-бетте)

(Соңы. Басы 26-бетте)

2. Аппараттық-бағдарламалық кешеннің бақылау чегі аппараттық-бағдарламалық кешенін әзірлеушінің техникалық құжаттамасында көзделген, оның ішінде қосылған құн салығының сомасы туралы деректерді қосымша қамтуы мүмкін.

3. Аппараттық-бағдарламалық кешендердің бақылау чегінің нысаны – тік бұрышты.

4. «Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолданатын компьютер жүйелерінің бақылау чегінің нысанын және мазмұнын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 117 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5526 болып тіркелген, 2009 жылғы 12 ақпанда № 22 (1445) «Заң газеті» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 6-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
_______________ Б. Сұлтанов
2018 жылғы 7 наурыз

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16639 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 26 ақпан №41 Алматы қаласы

Банктер бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу үшін еншілес ұйымдарға берген активтерді күмәнді және үмітсіз активтер санатына жатқызу, сондай-ақ бас банктер еншілес ұйымдарға берген активтерге қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктер бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу үшін еншілес ұйымдарға берген активтерді күмәнді және үмітсіз активтер санатына жатқызу, сондай-ақ бас банктер еншілес ұйымдарға берген активтерге қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Мына:

1) «Банктердің еншілес ұйымдарға күмәнді және үмітсіз активтер деп танылған кредиттер (қарыздар) бойынша талап ету құқықтарын иемденуге берген активтерін күмәнділер және үмітсіздер санатына жатқызу, сондай-ақ бас банктердің еншілес ұйымдарға берген активтеріне қарсы провизияларды (резервтерді) қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 96 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7623 болып тіркелген, 2012 жылғы 21 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде № 405-409 (27483) жарияланған);

2) «Кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 ақпандағы №74 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8436 болып тіркелген, 2013 жылғы 12 маусымда «Заң газеті» газетінде №85 (2286) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін банк қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 10-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
_______________ Б. Сұлтанов
2018 жылғы 19 наурыз

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы №41 қаулысымен бекітілген

Банктер бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу үшін еншілес ұйымдарға берген активтерді күмәнді және үмітсіз активтер санатына жатқызу, сондай-ақ бас банктер еншілес ұйымдарға берген активтерге қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру қағидалары

Осы Банктер бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу үшін еншілес ұйымдарға берген активтерді күмәнді және үмітсіз активтер санатына жатқызу, сондай-ақ бас банктер еншілес ұйымдарға берген активтерге қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және банктердің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу үшін еншілес ұйымдарға берген активтерді күмәнді және үмітсіз активтер санатына жатқызу, сондай-ақ бас банктер еншілес ұйымдарға берген активтерге қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру тәртібін белгілейді.

2. Банктер бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу үшін еншілес ұйымдарға берілген, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) қалыптастырылған активтерді күмәнді активтер санатына жатқызады.

Банктер бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу үшін еншілес ұйымдарға берілген активтерді мынадай өлшемшарттардың бірі болған кезде күмәнді активтер санатына жатқызады:

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен асатын мерзімі өткен берешектің болуы;

қалыптастырылған провизиялар (резервтер) мөлшері өтелмеген негізгі борыш сомасының кемінде 50 (елу) пайызын құрайды;

мұндай талап ету құқығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық немесе ішінара тоқтату болмаған кезде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте талаптар мөлшері азайтылса.

3. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымдарға бас банктер берген активтерге қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16502 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы ю 269 қаулысымен бекітілген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16695 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 28 желтоқсан №925 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) «Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларымен, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерімен емтихан тапсыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 1100 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12479 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрдегі эталондық бақылау банкте жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларымен, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерімен емтихан тапсыру қағидаларында:

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлға (бұдан әрі – ұйым) емтихан тапсыру үшін, уәкілетті органға не «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына көрсетілген бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес үлгіде Заңды тұлғалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшылық пен тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыруға өтініш ұсынады.»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Емтиханды алғаш рет тапсырған тұлғаларға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірыңғай үлгідегі куәлік беріледі.

13. Емтихан тапсыру қорытындылары осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада хаттамамен ресімделеді.»;

көрсетілген қағиданың 1 және 2-қосымшалары, осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3-қосымшасына сәйкес, 3-қосымшамен толықтырылсын;

2) «Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалардың басшылары, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 394 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15449 болып тіркелген, 2017 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрдегі эталондық бақылау банкте жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалардың басшылары, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 4- қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы Р.СКЛЯР

«КЕЛІСІЛДІ» **Қазақстан Республикасының** **Ақпарат және коммуникациялар министрі** **_______________Д. Абаев** **2018 жылғы 11 қаңтар**	**«КЕЛІСІЛДІ»** **Қазақстан Республикасының** **Ұлттық экономика министрі** **___________ Т. Сүлейменов** **2018 жылғы 20 наурыз**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №925 бұйрығына 1-қосымша

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларымен, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерімен емтихан тапсыру қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Заңды тұлғаның деректемелері
(мекен-жайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі , телефоны және т.б.)

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің төрағасы

____
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі - ТАӘ)

Өтініш

Заңды тұлғалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшылық пен тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыруға

Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 79-бабы, 8-тармағының талаптарына сәйкес, басшылық пен тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыру күнің белгілеп, емтихан қабылдауды сұраймын _______________
(заңды тұлғаның атауы)
1. _______________
2. _______________
3. _______________
4. _______________
(емтихан тапсырушының Т.А.Ә., лауазмы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

_______________ _______________
(мекеме басшысының лауазымы) (Т.А.Ә. басшының қолы)

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №925 бұйрығына 2-қосымша

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларымен, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерімен емтихан тапсыру қағидаларына 2-қосымша

Нысан

1 №_________ КУӘЛІК УДОСТОВЕРЕНИЕ №______ Берілді_______________ Выдано (Т.А.Ә (болған жағдайда) (Ф.И.О. (при наличии) _______________ (жұмыс орны, мамандығы) (место работы, специальность) м.ф. Ол 201__ж. «__» ______ он (она) 20_____ж. «_____» __________ Өнеркәсіптік қауіпсіздік Талаптарының білім тексеруінен өтті Прошел(ла) проверку знаний требовани промышленной безопасности	2 Емтихан комиссиясының хаттамасы Протокол квалификационной комиссии №________ «_____» ___________201____ж(г). Дейін жарамды Действительно до «____»__________2011_____ж(г). **Емтихан комиссиясының төрағасы** __________ **Председатель** (қолы) (подпись) **экзаменационной комиссии** **(м.о) (м.п)**

3 №__________ КУӘЛІККЕ К УДОСТОВЕРЕНИЮ №_______ _______________ (жұмыс орны, мамандығы) (место работы, специальность) _______________ Біліміне қайта тексеру жүргізілді Повторная проверка знаний проведена № _______ хаттама **Комиссия төрағасы** Протокол №_________ **Председатель комиссии** «____» _________201__ж(г). _______________ (қолы) (подпись) **(м.о) (м.п)**	№__________ КУӘЛІККЕ 4 К УДОСТОВЕРЕНИЮ №_______ _______________ (жұмыс орны, мамандығы) (место работы, специальность) _______________ Біліміне қайта тексеру жүргізілді Повторная проверка знаний проведена № _______ хаттама **Комиссия төрағасы** Протокол №_________ **Председатель комиссии** «____» _________201__ж(г). _______________ (қолы) (подпись) **(м.о) (м.п)**

1. Куәлік мұқабасы қатты;
2. Куәлік өлшемі - 204 х 65 мм;
3. Фото - 3х4;
4. Білімін қайта тексеру жөніндегі қосымша беттер - 4 парақ.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №925 бұйрығына 3-қосымша

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларымен, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерімен емтихан тапсыру қағидаларына 3-қосымша

Нысан

№ ____ХАТТАМА

____
Заңды тұлғаның атауы

20__ жылғы «____» ______ _______________

Комиссия құрамы:
Төраға: _______________
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі - ТАӘ), лауазымы
Комиссия мүшелері: _______________
____

Қазақстан Республикасының Заңдарымен және нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының көлемінде білімді тексеру жүргізілді:
____
____
____
____

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Лауазымы	Білімі	Комиссия қорытындысы (*тапсырды, тапсырмады*)
1.				
2.				
3.				

Комиссия төрағасы _______________
(қолы, Т.А.Ә.)
Комиссия мүшелері _______________
____
____

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №925 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 394 бұйрығымен бекітілген

«Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалардың басшылары, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалардың басшылары, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініштерді қабылдау мен нәтижелерін беру

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге не Мемлекеттік корпорацияға құжаттар пакетін тапсырған сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорация құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) арыз беру үшін күтудің рұқсат етілген барынша ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін барынша ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша хаттама мен куәлік.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - корсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмаға қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00 аралығында.

Құжаттарды қабылдау электрондық кезек тәртібімен, көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, «электрондық үкімет» www.egov.kz порталы арқылы электрондық кезекті брондауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілі) мемлекеттік қызмет көрсетушіге не Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қажетті құжаттар тізбесі (жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде):

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасында көрсетілген нысандағы өтініш.

Арыз Мемлекеттік корпорация қызметкерімен сканерленіп, мемлекеттік қызметті көрсетушіге электронды түрде жолданады. Тоқсан сайын Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсетушіге арыздырдың түпнұсқасын қайта жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті тапсырған кезде:

мемлекеттік қызмет көрсетушіге (қолма-қол не пошта байланысы арқылы) - өтініштің көшірмесінде қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда, құжаттарды қабылдап алу туралы қолхат беріледі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушідің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорация мен (немесе) оның қызметкерлері мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің немесе оның лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорациялардың және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген Мемлекеттік корпорация басшысының атына немесе Министрлік басшысының атына шағым жолданады.

Шағымдар жазбаша түрде пошта арқылы көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорация кеңсесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдану растамасы (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымды қабылдаған тұлғаның тегі және аты-жөні көрсетілген, мерзімі және берілген шағымға жауаптың алынған орнының көрсетілуі болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияға қолма-қол, пошта арқылы түскен шағымды қабылдаудың растамасы оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Шағым портал арқылы жіберілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, оны мемлекеттік органда өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту нәтижелері бойынша жауабы).

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не кеңсеге қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде Мемлекеттік корпорациялар арқылы көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып өзге де талаптары

12. Өмір сүру әрекетін шектейтін ағза (функцияларының) тұрақты бұзылуы мен денсаулығында ақау бар көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау қажет болған жағдайда, Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну көмегімен тұрғылықты мекенжайына бару арқылы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналасқан:

1) Министрліктің – www.mid.gov.kzwww.mid.gov.kz, «Мемлекеттік қызметтер» деген бөлімінде;

2) қызмет көрсетушінің – www.comprom@mid.gov.kz «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде;

3) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414 және 8 800 080 7777.

«Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалардың басшылары, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартына 1-қосымша

Нысан

№ ____ХАТТАМА

____
Заңды тұлғаның атауы

20__ жылғы «____» ______ _______________

Комиссия құрамы:
Төраға: _______________
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі - ТАӘ), лауазымы
Комиссия мүшелері: _______________
____

Қазақстан Республикасының Заңдарымен және нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының көлемінде білімді тексеру жүргізілді:
____
____
____
____

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Лауазымы	Білімі	Комиссия қорытындысы (*тапсырды,тапсырмады*)
1.				
2.				
3.				

Комиссия төрағасы _______________
(қолы, Т.А.Ә.)
Комиссия мүшелері _______________
____
____

«Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалардың басшылары, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартына 2-қосымша

Нысан

1 №_________ КУӘЛІК УДОСТОВЕРЕНИЕ №______ Берілді_______________ Выдано (Т.А.Ә (болған жағдайда) (Ф.И.О. (при наличии) _______________ (жұмыс орны, мамандығы) (место работы, специальность) м.ф. Ол 20 __ж. «__» ______ он (она) 20_____ж. «_____» __________ Өнеркәсіптік қауіпсіздік Талаптарының білім тексеруінен өтті Прошел(ла) проверку знаний требовани промышленной безопасности	2 Емтихан комиссиясының хаттамасы Протокол квалификационной комиссии №________ «_____» ___________20 ____ж(г). Действительно до 20 _____ж(г) «____»__________ дейін жарамды **Емтихан комиссиясының төрағасы** __________ **Председатель** (қолы) (подпись) **экзаменационной комиссии** **(м.о) (м.п)**

3 №__________ КУӘЛІККЕ К УДОСТОВЕРЕНИЮ №_______ _______________ (жұмыс орны, мамандығы) (место работы, специальность) _______________ Біліміне қайта тексеру жүргізілді Повторная проверка знаний проведена № _______ хаттама **Комиссия төрағасы** Протокол №_________ **Председатель комиссии** «____» _________201__ж(г). _______________ (қолы) (подпись) **(м.о) (м.п)**	№__________ КУӘЛІККЕ 4 К УДОСТОВЕРЕНИЮ №_______ _______________ (жұмыс орны, мамандығы) (место работы, специальность) _______________ Біліміне қайта тексеру жүргізілді Повторная проверка знаний проведена № _______ хаттама **Комиссия төрағасы** Протокол №_________ **Председатель комиссии** «____» _________201__ж(г). _______________ (қолы) (подпись) **(м.о) (м.п)**

1. Куәлік мұқабасы қатты;
2. Куәлік өлшемі - 204 х 65 мм;
3. Фото - 3х4;
4. Білімін қайта тексеру жөніндегі қосымша беттер - 4 парақ.

«Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалардың басшылары, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартына 3-қосымша

Нысан

Заңды тұлғаның деректемелері
(мекенжайы, бизнес сәкестендіру нөмірі, телефоны және т.б.)

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің төрағасы

____
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)

Өтініш

Заңды тұлғалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшылық пен тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыруға

Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 79 бабы, 8 тармағының талаптарына сәйкес, басшылық пен тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыру күнің белгілеп, емтихан қабылдауды сұраймын _______________
(заңды тұлғаның атауы)
1. _______________
2. _______________
3. _______________
4. _______________
(емтихан тапсырушының Т.А.Ә., лауазмы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

_______________ _______________
(мекеме басшысының лауазымы) (Т.А.Ә. басшының қолы)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16762 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 27 наурыз №126 Астана қаласы

«Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы

2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы А. ЦОЙ

КЕЛІСІЛГЕН» **Қазақстан Республикасының** **Білім және ғылым министрі** **_____________Е. Сағадиев** **2018 жылғы 5 сәуір**	**«КЕЛІСІЛГЕН»** **Қазақстан Республикасының** **Еңбек және халықты** **әлеуметтік қорғау министрі** **_____________ М. Әбілқасымова** **2018 жылғы 2 сәуір**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2018 жылғы 27 наурыздағы №126 бұйрығына 1-қосымша

«Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 144-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және инфекциялық аурулардың (жіті ішек инфекциялар, сальмонеллез, іш сүзегі, паратиф, туберкулез, медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар, вирустық гепатиттер, тұмау, АИТВ инфекциясы, ЖИТС, жіті респираторлық вирустық инфекциялары, менингококк инфекциясы, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, желшешек, скарлатина) алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) авариялық жағдай – зақымдалған немесе зақымдалмаған тері, сілемейлі қабықтарға, жарақатқа (тері жамылғысын дезинфекциялық өңдеуден өтпеген медқырылғылармен шаншу, кесу) инфекцияланған материалдың немесе биологиялық субстраттардың түсуі;

2) АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы;

3) АИТВ инфекциясы – адамның иммун тапшылығы вирусы тудыратын ауру, иммундық жүйенің жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (бұдан әрі - ЖИТС) дейін біртіндеп бұзылуына алып келетін, оның ерекше зақымдалуымен сипатталатын, оппортунисттік инфекциялардың және қайталанған қатерлі ісіктердің дамуымен бірге өтетін антропонозды инфекциялық созылмалы ауру;

4) АИТВ инфекциясының болуына клиникалық көрсетілімдер бойынша тексеру – клиникалық көрсетілімдері (оппортунисттік аурулар, АИТВ инфекциясын жұқтыру мүмкіндігін көрсететін синдромдар және симптомдар) бар адамдарды құпия медициналық тексеру;

5) АИТВ инфекциясының көзі – аурудың кез келген сатысындағы, оның ішінде инкубация кезеңіндегі ауру жұқтырған адам;

6) анонимді тексерілу – адамның жеке басын куәландырусыз ерікті медициналық тексерілуі;

7) антиретровирустық препараттар (бұдан әрі - АРВ – препараттар) – АИТВ/ЖИТС профилактикасы және емдеу үшін пайдаланылатын препараттар;

8) антиретровирустық терапия (бұдан әрі - АРТ) – вирустың көбеюін тоқтататын АИТВ инфекциясы кезіндегі этиотропты терапия, бұл иммунитетті қалпына келтіруге, қайталанған аурулардың дамуын болдырмауға немесе регрессиясына, пациенттің жұмыс қабілетінің сақталуына немесе қалыпқа келуіне және оның өлімін болдырмауға алып келеді. Тиімді ретровирусқа қарсы терапия сонымен бірге пациенттің инфекция көзі ретіндегі қаупін төмендететін профилактикалық шара да болып табылады;

9) ауқымды дәрілерге көнбейтін туберкулез (бұдан әрі – АДК ТА) – штаммдары изониазид пен рифампицинге, сондай-ақ фторхинолондардың біреуіне және екінші қатардағы үш инъекциялық препараттардың біреуіне (капреомицин, канамицин немесе амикацинге) көнбейтін туберкулез микробактериясы (бұдан әрі – ТМБ) тудырған туберкулез;

10) ауыр жіті респираторлық инфекциялар (бұдан әрі - АЖРИ) – алдыңғы күнтізбелік он күн ішінде пайда болған, анамнезінде жоғары температурамен немесе Цельсий бойынша (бұдан әрі - ºС) ≥ 38 қызумен, жөтелмен сипатталатын және дереу емдеуге жатқызуды қажет ететін ауру;

11) байланыста болған адам – инфекция қоздырғышының көзімен байланыстағы және (немесе) байланыста болған адам;

12) бактериофагтар – бактериялық жасушаны зақымдауға және оны ерітуге қабілетті бактерия вирустары;

13) бактерия тасымалдаушылық – адамның немесе жануардың организмінде сақталуымен және қоршаған ортаға инфекциялық (паразиттік) аурудың қоздырғышын бөлумен сипатталатын, аурудың клиникалық белгілері жоқ инфекциялық процестің нысаны;

14) балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және білім беру объектілеріндегі шектеу іс-шаралары – топқа қабылдауды және бір топтан екінші топқа ауысуды тоқтату, кабинеттік оқыту жүйесін алып тастауды, көпшілік, ойын-сауық және спорт іс-шараларын шектеуді, науқасты уақтылы оқшаулауды, бетперде режимін енгізуді, санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейтуді және жеке гигиенаны сақтауды көздейтін инфекциялық немесе паразиттік аурудың таралуын болдырмауға бағытталған шаралар;

15) демеуші кезең – сақталған микобактерия популяциясына әсер ететін және туберкулез процесінің қабыну өзгерістерінің одан әрі азаюын, сондай-ақ науқас организмінің функционалдық мүмкіндіктерін қалпына келтіруді қамтамасыз ететін терапияның жалғасу кезеңі;

16) дизентерия – көбіне тоқ ішектің сілемейлі қабығы зақымдалатын шигелла (Shigella) тұтінің микробы тудыратын инфекциялық ауру. Клиникалық түрде ауру уланумен және түйіліп ауыру синдромының болуымен сипатталады;

17) ерікті тексерілу – адамдардың алынған ақпарат негізінде өздерінің қалауы бойынша тексерілуі;

18) жанасқаннан кейінгі профилактика (бұдан әрі - ЖКП) – ықтимал инфекция жұқтырудан кейін (қызметтік міндеттерді орындау кезде болған немесе жыныстық қатынас жағдайларда) АИТВ жұқтыру тәуекелін төмендету мақсатында антиретровирустық препараттарды қабылдаудың қысқа курсы;

19) желшешек – қызба, интоксикация және дақты-везикулезді бөртпелермен сипатталатын жіті инфекциялық ауру;

20) ЖИТС – адамның иммун жүйесінің АИТВ-дан қатты зақымдануынан болған патологиялық белгілер байқалатын АИТВ инфекциясының соңғы сатысы;

21) жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (бұдан әрі - ЖЖБИ) – АИТВ инфекциясы, сифилис, гонорея, жұмсақ шанкр, венериялық лимфогранулематоз, донованоз, урогениталды хламидиоз, урогениталды трихомониаз, гарднереллез, урогениталды микоплазмоз, гениталды папилломалар, гениталды герпес;

22) жіті респираторлық вирустық инфекциялары, тұмау және олардың асқынуларын (пневмонияларды) әдеттегі эпидемиологиялық қадағалау – халықтың жіті респираторлық тұмау тәрізді аурудың және (немесе) пневмонияның клиникалық белгілерімен жүгінуі бойынша республиканың барлық аумағында тіркелген аурулар жағдайларының санын есепке алу негізінде жіті респираторлық вирустық инфекциялармен, тұмаумен сырқаттанушылықтың және олардың асқынуларынан (пневмониялар) болған өлім-жітімнің деңгейі мен динамикасының мониторингі;

23) жіті респираторлық вирустық инфекциялар (бұдан әрі – ЖРВИ) – ауа–тамшы жолымен берілетін және тыныс алу (респираторлық) жолдарының сілемейлі қабығын зақымдаумен қоса жүретін тұмау, парагрипп, аденовирустар және респираторлық-синцитиалдық вирустар тудыратын аурулардың жоғары контагиоздық тобы;

24) жіті вирустық гепатит (А, Е, В, С, Д) – ерекше маркерлер бар болғанда ұзақтығы алты айдан аз бауырдың жіті қабынуы;

25) жіті ішек инфекциялары – асқазан-ішек жолының зақымдалуымен сипатталатын, патогенді және шартты патогенді бактериялар, вирустар тудыратын инфекциялық аурулар;

26) иммундық блоттинг (бұдан әрі – ИБ) – қоздырғыштың жекелеген белоктарына ерекше антиденелердің болуын айқындауға мүмкіндік беретін әдіс, АИТВ-ның диагностикасы кезінде растаушы тест ретінде қолданылады;

27) иммунологиялық зерттеу әдістері: иммундық-ферменттік талдау (бұдан әрі – ИФТ), иммундық-хемилюминисцентті талдау (бұдан әрі - ИХЛТ), электрохемилюминисцентті талдау (бұдан әрі - ЭХЛТ), (ИБ) – антигендер мен антиденелердің ерекше өзара әрекеттесуіне негізделген диагностикалық зерттеу әдістері;

28) инвазиялық әдістер - адам организмнің ішкі ортасына ену жолымен жүзеге асырылатын диагностика мен емдеу әдістері;

29) инкубациялық кезең – инфекция қоздырғышы организмге түскен сәттен бастап аурудың алғашқы симптомдары пайда болғанға дейінгі уақыттың бөлігі;

30) инфекциялық немесе паразиттік ауру ошағы – инфекция қоздырғышы науқастан сезімтал адамдарға беріле алатын шектерде оны қоршаған аумағы бар, инфекциялық немесе паразиттік аурумен ауыратын науқастың болатын орны;

31) клиникалық тексеріп-қарау – ауруды анықтау мақсатында науқасты тексеріп-қарау;

32) көптеген дәрілерге көнбейтін туберкулез (бұдан әрі – КДК ТА) –штаммдары рифампицинге көнбейтін ТМБ тудырған туберкулез;

33) қан плазмасы бар преципитация микрореакциясы – сифилиске тексеру кезінде іріктеу әдісі;

34) қарқынды кезең – аурудың клиникалық белгілерін жоюға және ТМБ-ның популяциясына барынша әсер етуге бағытталған терапияның бастапқы кезеңі;

35) қақырық микроскопиясының нәтижесі оң өкпе туберкулезі (бактерия бөлуші) – ем жүргізілгенге дейін қақырық жағындысының микроскопиясы кезінде, тіпті бір рет анықтағанда да қышқылға төзімді бактериялардың (бұдан әрі - ҚТБ) анықталуы;

36) құпия медициналық тексерілу – дәрігерлік құпияны және тексерілетін адам туралы ақпаратты сақтауға негізделген тексеру;

37) Манту сынамасы – ерекше диагностикалық тест, халықаралық екі туберкулин бірлігімен теріішілік Манту туберкулин сынамасы (бұдан әрі – Манту сынамасы);

38) медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекция – медициналық көмектің кез келген түрін көрсетумен байланысты (медициналық стационарларда және амбулаториялық-емханалық, білім беру, санаторлық-сауықтыру мекемелерінде, халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде, жедел медициналық көмек көрсету, үйде көмек көрсету кезінде) немесе медициналық көмекті алғаннан кейін инкубациялық кезең ішінде пайда болған инфекциялар жағдайлары, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің кәсіптік қызметі нәтижесінде инфекция жұқтыру жағдайлары;

39) микроскопиялық зерттеу – белгіленген жағындыларда ҚТБ-ны анықтау әдісі;

40) паратифтер - аш ішектің лимфа жүйесінің жарамен зақымдалуымен, бактериемиямен, жалпы улану белгілері бар циклдық ағымымен, қоздырғыштың көбіне тағам және су жолдарымен іске асырылатын нәжіс-ауыз арқылы берілу тетігімен сипатталатын, ұзақ уақыт бактерия тасымалдаушылықты қалыптастыруға қабілетті сальмонелла түрінің (Salmonella paratyphi (сальмонелла паратифи) бактериялары тудыратын бактериялық жіті инфекциялық аурулар;

41) парентералды тетік – инфекцияның қан құю кезінде, тері жабыны мен сілемейлі қабықтардың бүтіндігінің бұзылуымен қоса жүретін инъекциялар және манипуляциялар кезінде, сондай-ақ анадан балаға босану жолдары арқылы өту кезінде берілуі;

42) превентивті емдеу – жыныстық жолмен берілетін инфекциялармен ауыратын адамдармен жыныстық қатынаста болған адамдарда аурудың пайда болуының алдын алатын емдеу;

43) реконвалесцент – аурудан айығу сатысындағы науқас адам;

44) ретроспективті эпидемиологиялық талдау – эпидемияға қарсы іс-шараларды перспективалық жоспарлауды негіздеу мақсатында алдағы ұзақ уақыт аралығындағы инфекциялық сырқаттанушылықтың деңгейін, құрылымы мен динамикасын талдау;

45) сальмонеллез – симптомсыз бактерия тасымалдаушылықтан бастап ауыр септикалық нұсқаларына дейін клиникалық белгілерінің көптүрлілігімен сипатталатын, сальмонелла түрінің қоздырғыштары нәжіс-ауыз арқылы тетікпен берілетін полиэтиологиялық жіті инфекциялық аурулардың тобы. Көбіне жіті гастроэнтерит түрінде өтеді;

46) санация – организмді сауықтыру бойынша мақсатқа бағытталған емдеу-профилактикалық шараларын жүргізу;

47) сифилиске серологиялық диагностика – қанды сифилиске зеттеу;

48) скарлатина – ұсақ бөртпелермен (экзантемамен), қызбамен, жалпы интоксикациямен, жіті тонзилит көріністерімен өтетін жіті инфекциялық ауру;

49) стационарлардағы шектеу іс-шаралары – медқызметкерлер мен пациенттердің жүріп-тұруының ерекше режимін, науқастарды уақтылы оқшаулауды, бетперде режимін енгізуді, дезинфекциялық-стерильдеу режимін күшейтуді және жеке гигиенаны сақтауды көздейтін, инфекциялық және паразиттік аурулардың таралуын болдырмауға бағытталған шаралар;

50) сүзгі – емханада ұйымдастырылатын, міндеті пациенттерді емханаға кіреберісте екі негізгі ағынға: инфекциялық ауруға күдігі бар адамдарға (жоғары температура, этиологиясы белгісіз бөртпе, диспепсиялық бұзылыстар және инфекциялық аурулардың белгілері) және дені сау немесе әртүрлі функционалдық ауытқулары бар адамдарға бөлу болып табылады;

51) сырқаттанушылықтың бақылау деңгейі – алдыңғы бес жыл ішіндегі сырқаттанушылықтың орташа шамасынан құралатын әрбір уақыт интервалына және нақты елді мекенге тән сырқаттанушылықтың шекті деңгейі. Жалпы алғанда аумақ үшін және халықтың жекелеген тобы (жас ерекшелік, кәсібі) үшін саналады. Талданатын көрсеткіштердің жоғары бақылау деңгейіне жақындауы немесе одан артуы эпидемиологиялық қолайсыздықты көрсетеді;

52) «таңертеңгілік сүзгі» – мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілерінде, мектептерде, гимназияларда, лицейлерде аңқаны тексеріп-қарап, температураны өлшей отырып, ата-аналардан ЖРВИ мен тұмаудың белгілері мен симптомдарының болуын сұрау арқылы балаларды қабылдау;

53) тестілеуге дейін консультация беру – пациентке АИТВ-ге тест жүргізуге дейін оның профилактикасы, емдеу, АИТВ-инфекциясы кезінде күтім жасау және қолдау бойынша қысқа ақпарат беру;

54) тестілеуден кейін консультация беру – пациентке АИТВ-ге жүргізілген тесттен кейін ақпарат беру;

55) туберкулез – Mycobacterium tuberculosis (микобактериум туберкулезис) туғызатын және науқас адамнан сөйлеген, жөтелген және түшкірген кезде өкпе тінін басымдықпен оқшаулай отырып, ауа-тамшы жолдары арқылы берілетін, патологиялық процеске өкпеден басқа организмнің барлық органдары мен тіндері ұшырауы мүмкін инфекциялық ауру;

56) туберкулез инфекциясының ошағы – бактерия бөлетін туберкулез науқастың тұрғылықты (жеке үй, пәтер, жатақханадағы бөлме), оқу, жұмыс, демалыс орны;

57) тұмау тәрізді аурулар (ТТА) – алдыңғы күнтізбелік жеті күн бойы пайда болған, ≥38 °С қызумен және жөтелмен сипатталатын жіті респираторлық вирусты аурулар жағдайлары;

58) тұмауды шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау (бұдан әрі - ШЭҚ) жөніндегі аймақтық вирусологиялық зертхана – ТТА, АЖРИ және тұмауды ШЭҚ жүйесіне қатысатын вирусологиялық зертханаларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетуді, сондай-ақ сапаны сырттай бақылауды қамтамасыз ету мақсатында үлгілерді қайта тестілеуді жүзеге асыратын вирусологиялық зертхана;

59) фаготип – бактериофагтардың типтік жиынына бірдей сезімталдықты сипаттайтын бактериялық штамдар жиынтығы;

60) флюорографиялық, рентгенологиялық зерттеп-қарау – флюорографиялық немесе рентгенологиялық аппараттармен диагностикалық зерттеу;

(Жалғасы 28-бетте)

(Жалғасы. Басы 27-бетте)

61) халықтың декреттелген тобы – айналасындағыларға инфекциялық және паразиттік ауруларды жұқтыру үшін барынша қауіп төндіретін халыққа қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін адамдар;

62) халықтың негізгі топтары (бұдан әрі - ХНТ) – АИТВ инфекциясын жұқтыру тәуекелі жоғары топтар: инъекциялық есірткілерді тұтынатын адамдар (бұдан әрі - ИНТА), секс қызметкерлері (бұдан әрі - СҚ), ер адамдармен секс болған ер адамдар (бұдан әрі - ЕСЕ);

63) шолғыншы орталықтар – ТТА, АЖРИ және тұмауды шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүйесі жүзеге асырылатын медициналық ұйымдар;

64) шолғыншы өңірлер – ТТА, АЖРИ және тұмауды шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүйесі енгізілген және жүргізілетін әкімшілік аумақтар;

65) шұғыл эпидемиологиялық талдау – қалыптасқан тенденцияны емес, пайда болатын бұрқ етулерді (эпидемияларды) анықтауға арналған эпидемиялық процес жағдайының және даму тенденциясын динамикалық бағалауы;

66) ШЭҚ – Қазақстан республикасында тұмаумен сырқаттанушылықтың эпидемиологиялық және вирусологиялық сипаттамаларын, тұмаудың экономикалық залалын әлем елдерінің деректерімен салыстыруға мүмкіндік беретін, ТТА туралы ақпаратты және репрезентативті топтардағы ТТА және АЖРИ-мен ауыратын науқастардың материалы үлгілерін жүйелі түрде жинау;

67) іш сүзегі – аш ішектің лимфа жүйесінің жарамен зақымдалуымен, бактериемиямен, жалпы улану белгілері бар циклдық ағымымен, қоздырғыштың су, тағам және тұрмыстық жолдарымен іске асырылатын нәжіс-ауыз арқылы берілу тетігімен, кездейсоқ таралумен сипатталатын, сондай-ақ ұзақ уақыт бактерия тасымалдаушылықты қалыптастыруға қабілетті сальмонелла түрінің (Salmonella Typhi (сальмонелла тифи) бактериялары тудыратын бактериялық инфекциялық ауру;

68) энтералды тетік – инфекцияның асқазан-ішек жолы арқылы берілуі;

69) эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша зерттеп-қарау – белгілі бір аумақтағы, халықтың жекелеген топтары арасындағы эпидемиологиялық жағдайға негізделген инфекциялық немесе паразиттік ауру туралы алынған ақпараттың негізіндегі және инфекциялық немесе паразиттік аурудың жағдайына эпидемиологиялық тергеп-тексеру жүргізу кезіндегі (жұқтыру тәуекелі факторларын, берілу жолдарын анықтау және санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін) зерттеп-қарау.

2-тарау. Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1-параграф. Жіті ішек инфекцияларымен сырқаттанудың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Жіті ішек инфекцияларымен сырқаттанушылықты эпидемиологиялық қадағалау мынадай іс-шараларды қамтиды:

1) профилактикалық іс-шаралардың тізбесін, көлемін және жүргізу мерзімін негіздеу, ұзақ мерзімдік бағдарламалық-нысаналы жоспарлау мақсатында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) жыл сайын жүргізетін жіті ішек инфекцияларымен сырқаттанушылықты ретроспективті эпидемиологиялық талдау;

2) сырқаттанушылықтың көтеріліп бастауын уақтылы анықтау, оның себептерін анықтау және шұғыл санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін аумақтық бөлімшелері ай сайын жүргізетін жіті ішек инфекцияларымен сырқаттанушылықты шұғыл эпидемиологиялық талдау.

Ағымдағы сырқаттанушылық апталар, айлар бойынша, өсу қорытындысымен салыстырылады, осы аумаққа тән аурудың бақылау деңгейімен салыстыру жүргізіледі.

4. Ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды және ауруға күдіктілерді анықтауды медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлері амбулаториялық қабылдау, үйге бару, медициналық тексеріп-қарау, ауруханаға жатқызу және медициналық ұйымдарға бару кезінде жүргізеді. Диагноз аурудың клиникалық белгілері, зертханалық зерттеулер деректері, эпидемиологиялық анамнезі негізінде белгіленеді.

5. Жіті ішек инфекцияларымен науқастарды уақытында анықтау үшін халықтың санаттарына:

1) медициналық ұйымдарға жүгінген кезде жіті ішек инфекцияларына күдікті науқастарға;

2) стационарға түсу кезінде психикалық денсаулық орталықтардың пациенттеріне;

3) мектеп-интернаттарға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына мен сәбилер үйлеріне ресімдеу кезінде балаларға;

4) медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарына) ресімдеу кезінде қызмет алушыларға;

5) ішек инфекциясымен ауырып айыққан реконвалесценттерге ішек тобына бір рет зертханалық зерттеп-қарау жүргізіледі.

6. Қоздырғышты сәйкестендіру және ошақтың көлемдерін белгілеу мақсатында инфекциялық ауру қоздырғышының болжалды берілу жолдары мен факторларын есепке ала отырып, дәрігер-эпидемиолог айқындайтын зертханалық зерттеулер жүргізіледі.

7. Мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарда, мектеп-интернаттарда, сәбилер үйлерінде, медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарында) жіті ішек инфекцияларымен сырқаттану тіркелген кезде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының ведомстволық бағыныстағы ұйымының филиалдары (бұдан әрі - филиалдар) қорытынды дезинфекция жүргізеді.

8. Жіті ішек инфекциялар және сальмонеллез ошақтарды эпидемиологиялық зерттеп-қарау:

1) қоғамдық тамақтану және азық-түлік саудасы, сумен жабдықтау объектілерінің, мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ тамақ өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және өткізумен байланысты кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар жіті ішек инфекцияларымен, сальмонеллезбен сырқаттанған кезде;

2) мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына, мектеп-интернаттарға баратын балалар сырқаттанған кезде;

3) психикалық денсаулық орталықтардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, сәбилер үйлерінің, медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдарының) қызметкерлері сырқаттанған кезде;

4) бір инкубациялық кезең ішінде бір ошақта үш және одан да көп адамның сырқаттану жағдайы тіркелген кезде жүргізіледі.

9. Жіті ішек ауруларымен сырқаттанушылықтың бақылау деңгейі артқан кезде үй бойынша ошақтарын зерттеп-қарау қажеттілігін тиісті аумақтың бас мемлекеттік санитариялық дәрігері эпидемиологиялық жағдайды және шұғыл эпидемиологиялық талдау нәтижелерін ескере отырып айқындайды.

10. Ошақтарды эпидемиологиялық зерттеп-қарау кезінде байланыста болған адамдарды айқындау және декреттелген топтағы және екі жасқа дейінгі балаларды зертханалық зерттеп-қарау, зертханалық зерттеп-қарау үшін тамақ өнімдері, су сынамаларын, шайындыларды алу жүргізіледі.

11. Байланыста болған адамдар арасында патогенді микрофлора тасымалдаушылары анықталған кезде кейіннен бақылау зерттеп-қарау арқылы санация жүргізіледі. Патогенді микрофлора тасымалдаушылары теріс нәтиже алынғанға дейін жұмыстан шеттетіледі.

12. Байланыста болған адамдарды медициналық бақылауды байланыста болған адамның тұрғылықты, жұмыс, оқу, демалыс орны бойынша медицина қызметкері жүргізеді. Медициналық бақылау нәтижелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 907 бұйрық) бекітілген амбулаториялық карталарда, баланың даму тарихында, стационарларда - сырқатнамаларда жазылады. Медициналық бақылау ұзақтығы күнтізбелік жеті күнді құрайды және сауалнама, тексеріп-қарау, термометрияны қамтиды.

13. Зертханалық зерттеу тізбесін және көлемдерін айқындау, ошақтардан өнімдерді алуды аумақтық бөлімшелерінің маманы жүзеге асырады.

14. Инфекциялық ауру ошағынан алынған материалды зерттеуді филиалдар жүргізеді.

15. Байланыста болған адамдарды зертханалық тексеру емдеу тағайындалғанға дейін жүргізіледі.

16. Жіті ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу клиникалық және эпидемиологиялық көрсетімдері бойынша жүргізіледі.

17. Жіті ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу үшін клиникалық көрсетімдер:

1) екі айға толмаған балалардағы аурудың барлық түрлері;

2) баланың жасына қарамастан қатты сусызданумен қоса жүретін ауру түрлері;

3) ілеспелі патологиядан асқынған ауру түрлері;

4) әртүрлі дәрежедегі сусызданумен қоса жүретін созылмалы диарея;

5) дизентерияның созылмалы түрлері (асқынған жағдайда).

18. Жіті ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу үшін эпидемиологиялық көрсетімдер:

1) науқастың тұрғылықты жері бойынша қажетті эпидемияға қарсы режимді сақтау мүмкіндігінің болмауы (әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар, жатақханалар, казармалар, коммуналдық пәтерлер);

2) медициналық ұйымдардағы, мектеп-интернаттардағы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдардағы, сәбилер үйлеріндегі, санаторийлердегі, медициналық-әлеуметтік мекемелердегі (ұйымдардағы), жазғы сауықтыру ұйымдарындағы, демалыс үйлеріндегі сырқаттану жағдайлары.

19. Дизентерия және жіті ішек инфекциялардан кейінгі реконвалесценттерді ауруханадан шығару толық клиникалық сауыққаннан кейін жүргізіледі.

Дизентерия және жіті ішек инфекциялардан кейінгі реконвалесценттерді бір рет бактериологиялық зерттеп-қарау амбулаториялық жағдайда ауруханадан шыққаннан кейін күнтізбелік жеті күн ішінде, бірақ антибиотик терапиясы (антибиотиктермен емдеу) аяқталғаннан кейін күнтізбелік екі күннен соң жүргізіледі.

20. Жіті дизентериядан сауыққаннан кейін диспансерлік бақылауға мыналар:

1) қоғамдық тамақтану, азық-түлік саудасы, тамақ өнеркәсібі объектілерінің қызметкерлері;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, сәбилер үйлерінің, мектеп-интернаттардың балалары;

3) психикалық денсаулық орталықтардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, сәбилер үйлерінің, медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) қызметкерлері жатады.

21. Медициналық бақылау емдеу аяқталғаннан кейін бір айдың ішінде жүргізіледі, оның соңында бір рет бактериологиялық зерттеп-қарау жүргізу жүргізіледі.

22. Дәрігерге бару жиілігі клиникалық көрсетімдер бойынша айқындалады.

23. Медициналық бақылауды тұрғылықты жері бойынша учаскелік дәрігер немесе инфекциялық аурулар кабинетінің дәрігері жүзеге асырады.

24. Ауру қайталанған жағдайда немесе зертханалық зерттеп-қарау нәтижесі оң болғанда дизентериямен ауырып айыққан адамдар емдеуден қайта өтеді. Емдеу аяқталғаннан кейін бұл адамдар үш ай бойы ай сайын зертханалық зерттеп-қараудан өтеді. Бактерия тасымалдаушылық үш айдан астам жалғасып келе жатқан адамдар дизентерияның созылмалы түрімен ауыратын науқастар ретінде емделеді.

25. Халықтың декреттелген тобына жататын адамдарды жұмыс беруші мамандығы бойынша жұмыс жасауға клиникалық және бактериологиялық зерттеп-қарау нәтижелерімен расталған кезде толық сауыққаннан кейін жіберіледі.

Созылмалы дизентериямен ауыратын адамдар эпидемиологиялық қауіп төндірмейтін тамақ өнімдерімен және сумен жабдықтаумен байланысты емес жұмысқа ауыстырылады.

26. Созылмалы дизентериямен ауыратын адамдар емдеу аяқталғаннан кейін бір жыл бойы медициналық бақылауға жатады. Созылмалы дизентериямен ауыратын адамдарды бактериологиялық зерттеп-қарауды және тексеріп-қарауды ай сайын инфекционист дәрігер жүргізеді.

27. Сальмонеллезге бактериологиялық зерттеп-қарауға халықтың мына санаттары жатады:

1) стационарға келіп түсетін екі жасқа толмаған балалар;

2) стационарға емдеуге жатқызылған науқас баланы күтетін ересектер;

3) түскен кезде немесе емдеуге жатқызылғанға дейін алдынғы үш апта бойы ішек функциясының бұзылуы болған босанатын әйелдер, босанған әйелдер;

4) стационарда болған кезде ішек функциясының бұзылуы пайда болғанда диагнозына қарамастан барлық науқастар;

5) сальмонеллез ошағында инфекцияның болжамды көзі болуы мүмкін, халықтың декреттелген топтарының арасындағы адамдар;

6) сауықтыру объектілеріне баратын балалар.

28. Сальмонеллезбен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу клиникалық және эпидемиологиялық көрсетімдері бойынша жүргізіледі.

29. Сальмонеллезбен ауырған реконвалесценттер ауруханадан толық клиникалық сауыққаннан кейін және нәжістің бактериологиялық зерттеуі бір рет теріс болған жағдайда шығарылады. Зерттеуді емдеу аяқталғаннан кейін күнтізбелік үш күннен ерте жүргізбейді.

30. Сальмонеллезбен ауырып айыққаннан кейін диспансерлік бақылауға:

1) қоғамдық тамақтану, азық-түлік саудасы, тамақ өнеркәсібі объектілерінің қызметкерлері;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, сәбилер үйлерінің, мектеп-интернаттардың балалары;

3) психикалық денсаулық орталықтардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, сәбилер үйлерінің, медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) қызметкерлері жатады.

31. Сальмонеллезбен ауырып айыққан адамдарды диспансерлік бақылауды жалпы жағдайын, шағымдарын, нәжісінің сипатын бағалай және термометрия жүргізе отырып, үш рет клиникалық тексеріп-қарау арқылы (оныншы, жиырмасыншы, отызыншы күні) бір ай бойы тұрғылықты жері бойынша инфекциялық аурулар кабинетінің дәрігері немесе учаскелік дәрігер жүзеге асырады.

32. Халықтың декреттелген тобына жататын реконвалесценттерді жұмыс беруші № 907 бұйрықпен бекітілген № 035-2/е нысанға сәйкес сауыққаны туралы анықтама ұсынылған сәттен бастап мамандығы бойынша жұмыс жасауға жібереді.

Емдеу аяқталғаннан кейін сальмонелла бөлуді жалғастыратын реконвалесценттерді, сондай-ақ халықтың декреттелген топтарына жататын анықталған бактерия тасымалдаушыларды аумақтық бөлімшелері негізгі жұмысынан күнтізбелік он бес күнге шеттетеді.

Күнтізбелік он бес күнге шеттілген кезде нәжіс үш рет зерттеледі. Оң нәтиже қайталанған жағдайда жұмыстан шеттету және зерттеп-қарау тәртібі тағы да күнтізбелік он бес күнге ұзартылады.

Бактерия тасымалдаушылық үш айдан астам уақыт бойы анықталса, адамдар сальмонелланың созылмалы тасымалдаушылары ретінде мамандығы бойынша жұмысынан он екі айға шеттетіледі.

Мерзім аяқталған соң нәжіс пен өтке күнтізбелік бір-екі күн интервалмен үш реттік зерттеу жүргізеді. Теріс нәтижелер алынған жағдайда негізгі жұмысына жіберіледі. Бір рет оң нәтиже алынған жағдайда осындай адамдар созылмалы бактерия тасымалдаушылар ретінде қаралады және Кодекстің 21-бабы 12-тармағының 5) тармақшасына сәйкес аумақтық бөлімшелері оларды эпидемиологиялық қауіп төндіретін жұмыстан шеттетеді.

33. Емдеу аяқталған соң сальмонелла бөлуді жалғастыратын балаларды емдеуші дәрігер күнтізбелік он бес күнге мектепке дейінгі ұйымына барудан шеттетеді, осы кезеңде нәжісе бір-екі күн интервалмен үш реттік зерттеу жүргізіледі. Оң нәтиже қайталанған жағдайда шеттетудің және зерттеп-қараудың осындай тәртібі тағы он бес күн бойы қайталанады.

34. Мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарда, мектеп-интернаттарда, сәбилер үйлерінде, медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) сальмонеллезбен сырқаттанушылық тіркелген кезде филиалдар қорытынды дезинфекция жүргізеді.

2-параграф. Іш сүзегі мен паратифтердің алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

35. Халықтың іш сүзегі және паратифтермен сырқаттанушылығын мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау мыналарды қамтиды:

1) елді мекендердің, әсіресе халықтың сүзек-паратифоз инфекцияларымен сырқаттанушылығы бойынша қолайсыз елді мекендердің санитариялық жағдайы туралы ақпаратты талдау;

2) халық арасында тәуекел топтарын айқындау;

3) науқастардан және бактерия тасымалдаушылардан бөлінетін өсірінділердің фаготиптерін айқындау;

4) бактерия тасымалдаушыларды, әсіресе тамақ кәсіпорындарының қызметкерлері мен халықтың декреттелген топтарына жататын адамдар ішінен бактерия тасымалдаушыларды анықтау және санациялау мақсатында іш сүзегімен және паратифтермен ауырып айыққан адамдарды есепке қою және медициналық бақылау;

5) санитариялық-профилактикалық және санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жоспарлау.

36. Іш сүзегі және паратиф ауруларды алдын алу үшін санитариялық-профилактикалық іс-шаралары қоздырғыштардың су, тамақ арқылы берілуінің алдын алатын санитариялық-гигиеналық іс-шараларды жүргізуге бағытталған.

37. Жұмысқа жіберу алдында халықтың декреттелген топтарына жататын адамдар дәрігердің тексеріп-қарауынан кейін бір рет бактериологиялық және серологиялық тексеруге жатады. Олар бактериологиялық зерттеп-қараудың нәтижесі теріс болғанда және қарсы көрсетімдер болмаған жағдайда жұмысқа жіберіледі.

Бактериологиялық зерттеп-қараудың оң нәтижесі анықталған адамдар бактерия тасымалдаушылар ретінде қаралады. Олар емделеді, есепке алынады, оларға медициналық бақылау қойылады. Кодекстің 21-бабы 12-тармағының 5) тармақшасына сәйкес аумақтық бөлімшелері бактерия тасымалдаушыларды эпидемиялық қауіп төндіретін жұмыстан шеттетеді.

38. Іш сүзегіне қарсы вакцинациялау «Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2295 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

39. Іш сүзегі немесе паратифтер ошақтарда мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) сауалнама алу, тексеріп-қарау, қызуын өлшеу және зертханалық зерттеп-қарау арқылы барлық науқастарды анықтау;

2) іш сүзегімен және паратифтермен ауыратын барлық науқастарды уақтылы оқшаулау;

3) бұрын іш сүзегімен және паратифтермен ауырған адамдарды, халықтың декреттелген топтарын, жұқтыру қаупіне ұшыраған (жұқтыруға күдікті тамақ өнімдерін немесе суды қолданған, науқастармен байланыста болған) адамдарды анықтау және зертханалық зерттеп-қарау жүргізу;

4) халықтың декреттелген топтарына жататын адамдарда бір рет сырқаттану болған ошақта нәжіске бір рет бактериологиялық зерттеу және серологиялық әдіспен қанның сарысуын зерттеу жүргізіледі. Серологиялық зерттеу нәтижесі оң болған адамдардың нәжісіне және несебіне қайтадан бес рет бактериологиялық зерттеу жүргізіледі;

5) топтық аурулар пайда болған жағдайда болжалды инфекцияның көзі болып табылатын адамдарға зертханалық зерттеп-қарау жүргізіледі. Зертханалық зерттеп-қарау кемінде күнтізбелік екі күн интервалмен нәжісі мен несебін үш рет бактериологиялық зерттеуді және серологиялық әдіспен қан сарысуын бір рет зерттеуді қамтиды. Серологиялық зерттеу нәтижесі оң болған адамдарға кемінде күнтізбелік екі күн интервалмен қосымша бес рет нәжісі мен несебін бактериологиялық зерттеу жүргізіледі, ал осы зерттеп-қарау нәтижелері теріс болғанда - өті бір рет зерттеледі;

6) іш сүзегімен немесе паратифпен ауырған науқаспен үйінде байланыста болған, халықтың декреттелген топтарына жататын адамдарды Кодекстің 21-бабы 12-тармағының 5) тармақшасына сәйкес аумақтық бөлімшелері науқас емдеуге жатқызылғанға дейін, қорытынды дезинфекция жүргізіліп, нәжісін, несебін бір рет бактериологиялық зерттеудің және серологиялық зерттеудің теріс нәтижелері алынғанға дейін жұмыстан уақытша шеттетіледі;

7) жұқтыру қаупіне ұшыраған адамдар зертханалық зерттеп-қараумен қатар күнделікті дәрігердің медициналық тексеріп-қарауы арқылы және іш сүзегі кезінде күнтізбелік жиырма бір күн бойы және паратиф кезінде соңғы науқас оқшауланған сәттен бастап күнтізбелік он төрт күн бойы қызуын өлшеу арқылы медициналық бақылауда болады;

8) іш сүзегімен және паратифтермен ауыратын анықталған науқастар мен бактерия тасымалдаушылар тез арада оқшауланады және зерттеп-қарау және емдеу үшін медициналық ұйымдарға жіберіледі.

40. Іш сүзегі мен паратифтердің ошақтарындағы жедел профилактика эпидемиологиялық жағдайға байланысты жүргізіледі. Іш сүзегі ошақтарында бар болған жағдайда іш сүзегі бактериофагы, паратифтер кезінде поливалентті сальмонеллез бактериофагы тағайындалады. Бактериофагты бірінші рет тағайындау бактериологиялық зерттеп-қарау үшін материалды алғаннан кейін жүргізіледі. Бактериофаг сондай-ақ реконвалесценттерге де тағайындалады.

41. Іш сүзегі мен паратифтер ошақтарында дезинфекциялық іс-шаралар жүргізіледі:

1) ағымдағы дезинфекция науқас анықталған сәттен бастап емдеуге жатқызылғанға дейінгі кезеңде, реконвалесценттерде ауруханадан шыққаннан кейін үш ай бойы жүргізіледі;

2) ағымдағы дезинфекцияны медициналық ұйымның медицина қызметкері ұйымдастырады, ал оны науқасқа күтім жасайтын адам, реконвалесценттің өзі немесе бактерия тасымалдаушы жүргізеді;

3) қорытынды дезинфекцияны филиалдар Кодекстің 144-бабы 6-тармағымен бекітілген дезинфекция, дезинсекция және дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен регламенттелген мерзімдерде жүргізеді;

4) медициналық ұйымда іш сүзегімен немесе паратифпен ауыратын науқас анықталған жағдайда науқасты оқшаулағаннан кейін ол болған үй-жайларға осы ұйымның персоналының күшімен қорытынды дезинфекция жүргізіледі.

42. Іш сүзегімен және паратифтермен ауыратын науқастар мен бактерия тасымалдаушыларды уақтылы анықтауды, оқшаулауды және емдеуді барлық медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлері клиникалық және зертханалық деректердің негізінде жүзеге асырады.

43. Іш сүзегін диагностикалау кезінде қаннан қоздырғыштың бөлінуі (гемоөсірінді) жетекші болып табылады. Гемоөсіріндіні бөлу үшін қан алу аурудың барлық кезеңінде жүргізіледі. Қанның бірінші себілуі антибактериялық терапия басталғанға дейін жүргізіледі. Сондай-ақ диагностикалау үшін нәжіс өсірінділерін, несеп өсірінділерін, өтт және қанды зерттеу жүргізіледі.

44. Диагнозы белгіленбеген, үш және одан да көп тәулік бойы қызбасы бар науқастар іш сүзегіне зерттеп-қаралады.

45. Іш сүзегімен және паратифтерімен ауыратын барлық науқастар инфекциялық стационарға емдеуге жатқызылады.

46. Науқастарды ауруханадан шығару нәжісі мен несебін үш рет бактериологиялық зерттегеннен кейін температурасы қалыпты (35 – 37 ºС) болған соң күнтізбелік жиырма бір күннен ерте емес жүзеге асырылады. Нәжіс пен несепті бактериологиялық зерттеу антибиотиктерді тоқтатқаннан кейін күнтізбелік бес күннен соң және содан соң күнтізбелік бес күн интервалмен екі рет жүргізіледі. Бұдан басқа, ауруханадан шыққанға дейін күнтізбелік жеті күн бұрын дуоденальды құрамды себу жүргізіледі.

47. Іш сүзегімен және паратифтермен ауырып айыққан барлық науқастар стационардан шыққан соң екі аптада бір рет дене қызуын өлшеу арқылы медициналық бақылауға жатады. Стационардан шыққаннан кейін күнтізбелік он күннен соң реконвалеценттерді бактерия тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау басталады, ол үшін кемінде күнтізбелік екі күн интервалмен нәжіс пен несеп бес рет зерттеледі. Үш ай бойы ай сайын бір рет несеп пен нәжіске бактериологиялық зерттеу жүргізіледі.

Стационардан шыққаннан кейін үш ай ішінде бактериологиялық зерттеудің нәтижесі оң болған жағдайда зерттеп-қаралушы адам жіті тасымалдаушы ретінде бағаланады.

Бақылаудың төртінші айында өт және қан сарысуы зерттеледі. Барлық зерттеулердің нәтижелері теріс болған жағдайда ауырып айыққан адам диспансерлік бақылаудан алынады.

Серологиялық зерттеудің нәтижесі оң болған кезде нәжіс пен несепке бес рет бактериологиялық зерттеу жүргізіледі. Нәтижесі теріс болған жағдайда ауырып айыққан адамдарды бір жыл бойы бақылауда қалдырады.

Стационардан шыққан соң бір жылдан кейін бір рет нәжіс, несеп және қан сарысуын бактериологиялық зерттейді. Зерттеу нәтижесі теріс болса ауырып айыққан адамды диспансерлік бақылаудан алады.

48. Халықтың декреттелген топтарына жататын іш сүзегімен және паратифтермен ауырып айыққан адамдар стационардан шыққан соң оларды Кодекстің 21-бабы 12-тармағының 5) тармақшасына сәйкес аумақтық бөлімшелері жұмыстан бір айға шеттетеді, себебі олар эпидемиялық қауіп төндіреді. Осы кезең ішінде оларға бес рет бактериологиялық зерттеу (нәжіс пен несепті) жүргізіледі.

Зерттеу нәтижелері теріс болғанда олар жұмысқа жіберіледі және кейінгі екі айда ай сайын өтті және қанның сарысуын зерттейді. Одан әрі оларды екі жыл бойы тоқсан сайын, ал кейіннен барлық жұмыс істеу мерзімінде жылына екі рет зерттеп-қарайды (нәжіс пен несепті зерттеу).

Нәтижесі оң болғанда стационардан шыққаннан кейін бір айдан соң оларды тамақ өнімдерімен және сумен байланысы жоқ жұмысқа ауыстырады. Үш ай өткен соң бес рет нәжіс пен несепке және бір рет өтке бактериологиялық зерттеу жүргізіледі. Нәтижесі теріс болғанда олар жұмысқа жіберіледі және алдыңғы топ сияқты зерттеп-қаралады.

Серологиялық зерттеу нәтижесі оң болған жағдайда нәжіс пен несепке бес рет қосымша зерттеу және нәтижесі теріс болған жағдайда өтке бір рет зерттеу жүргізіледі.

Нәтижесі теріс болғанда олар жұмысқа жіберіледі.

Егер стационардан шыққаннан кейін үш ай өткен соң жүргізілген зерттеп-қараудың кез келгенінде мұндай адамдарда жоқ дегенде бір рет іш сүзегінің немесе паратифтің қоздырғышы бөлінсе, олар созылмалы бактерия тасымалдаушылар болып есептеледі және Кодекстің 21-бабы 12-тармағының 5) тармақшасына сәйкес аумақтық бөлімшесі жұмыстан шеттетеді, себебі олар эпидемиялық қауіп төндіреді.

49. Іш сүзегі мен паратифтердің бактерия тасымалдаушылары мына санаттарға бөлінеді:

1) транзиторлық бактерия тасымалдаушылар – іш сүзегімен және паратифтермен ауырмаған, бірақ іш сүзегінің немесе паратифтердің қоздырғыштарын бөлетін адамдар;

2) жіті бактерия тасымалдаушылар – ауруханадан шыққан соң үш ай бойы бактерия тасымалдаушылық байқалатын, іш сүзегімен және паратифтермен ауырып айыққан адамдар;

3) созылмалы бактерия тасымалдаушылар – ауруханадан шыққан соң үш ай немесе одан да көп ай бойы бактерия тасымалдаушылық байқалатын, іш сүзегімен және паратифтермен ауырып айыққан адамдар.

50. Іш сүзегі мен паратифтердің бактерия тасымалдаушылары арасында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) транзиторлық бактерия тасымалдаушыларға үш ай бойы бес рет нәжісі мен несебіне бактериологиялық зерттеу жүргізіледі. Нәтижесі теріс болғанда өті бір рет зерттеледі. Бақылаудың соңында серологиялық әдіспен қанның сарысуы бір рет зерттеледі. Барлық зерттеудің нәтижелері теріс болғанда бақылаудың үшінші айының соңында олар есептен алынады. Бактериологиялық және серологиялық зерттеулердің нәтижелері оң болғанда жіті бактерия тасымалдаушылар деп бағаланады;

2) анықталғаннан кейін екі ай бойы жіті бактерия тасымалдаушыларға дене қызуын өлшеу арқылы медициналық бақылау жүргізіледі және үш ай бойы нәжісі мен несебіне бір рет бактериологиялық зерттеу жүргізіледі.

Үшінші айдың соңында нәжісі мен несебін бактериологиялық зерттеу – бес рет, өтін – бір рет және қанның сарысуына серологиялық зерттеу жүргізіледі.

Бактериологиялық және серологиялық зерттеу нәтижелері теріс болғанда зерттеп-қаралушыны диспансерлік есептен алады.

Серологиялық зерттеу нәтижесі оң және нәжіс пен несепті бактериологиялық зерттеу нәтижелері теріс болғанда бір жыл бойы бақылауды жалғастырады. Бір жылдан кейін нәжіс пен несепті цистеинмен бір рет, нәжіс пен несепті бактериологиялық бір рет зерттеу қажет.

Серологиялық зерттеу нәтижесі оң болғанда нәжіс пен несеп бес рет, өт бір рет зерттеледі.

Зерттеу нәтижелері теріс болғанда зерттеп-қаралушыны диспансерлік бақылаудан алады.

Нәтижесі оң болғанда зерттеп-қаралушы созылмалы бактерия тасымалдаушы ретінде бағаланады;

3) созылмалы бактерия тасымалдаушылар аумақтық бөлімшесінде есепте тұрады және байланыста болған адамдар арасында және созылмалы бактерия тасымалдаушы тұратын аумақта эпидемиологиялық жағдай асқынған жағдайда тексеруге жатады. Медицина қызметкерлері созылмалы бактерия тасымалдаушыларды дезинфекциялық ерітінділерді дайындауға, ағымдағы дезинфекциялауға, дұрыс гигиеналық тәртіпке оқытылады;

4) халықтың декреттелген топтарына жататын бактерия тасымалдаушылар аумақтық бөлімшесінде тұрақты есепке алынады.

51. Халықтың декреттелген топтарына жататын адамдар отбасы мүшелерінің ішінде біреуінен созылмалы бактерия тасымалдаушылық анықталған жағдайда жұмыстан шеттетілмейді және арнайы бақылауға жатпайды.

3-параграф. Туберкулездің алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

52. Туберкулезбен ауыратын науқастарды анықтауды медициналық ұйымдардың барлық мамандықтағы медицина қызметкерлері:

1) адамдардың медициналық көмекке жүгінуі;

2) стационарлық және мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

3) медициналық тексеріп-қарауды жүргізу;

4) туберкулезге қарсы иммундау жүргізу кезінде;

5) АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдар АИТВ/ЖИТС-тің профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарына (бұдан әрі - АИТВ/ЖИТС-тің денсаулық сақтау ұйымдары) медициналық көмекке жүгінген кезде жүзеге асырады.

53. Медициналық ұйымға туберкулезбен сырқаттануын көрсететін симптомдары бар пациенттер жүгінген кезде рентгенологиялық және бактериологиялық зерттей отырып (қақырық жағындысын және патологиялық материалды микроскоппен қарау), толық клиникалық және құрал-саймандық зерттеп-қарау жүргізіледі.

54. Зерттеп-қарау кезінде туберкулезбен сырқаттану ықтималдығын көрсететін белгілер анықталған кезде пациент күнтізбелік үш күннің ішінде тұрғылықты жері бойынша туберкулезге қарсы диспансерге (бөлімше, кабинет) жіберіледі.

55. Науқасты уақтылы және толық зерттеп-қарау жүргізуді бақылауды медициналық ұйымның жіберген маманы және туберкулезге қарсы ұйымның (бұдан әрі – ТҚҰ) маманы жүзеге асырады.

56. Тұрғылықты жері анықталмаған адамдар туберкулезбен сырқаттануға күдікті болған жағдайда зерттеп-қарауды аяқтау үшін және «Туберкулез» диагнозы расталған кезде емдеу үшін туберкулезге қарсы диспансерге емдеуге жатқызылады.

57. ТҚҰ маманы науқасты жіберген маманға жүргізілген зерттеп-қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

58. Туберкулезбен ауыратын науқастарды жұмысқа және оқуға жіберуге рұқсат беру туралы медициналық қорытындыны ТҚҰ-ның орталық дәрігерлік-консультациялық комиссиясы (бұдан әрі – ОДКК) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 994 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16381 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 994 бұйрық) бекітілген туберкулез бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес береді.

59. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдары, сондай-ақ ТҚҰ-ның дәрігері емделуден бас тартқан, өз еркімен кетіп қалған және емделу режимін бұзған жағдайда мамандандырылған ТҚҰ-да оған мәжбүрлеп емдеуді тағайындау туралы мәселені шешу үшін ОДКК-ге жүгінеді.

60. ОДКК-ның қорытындысы бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдары, оның ішінде ТҚҰ-ның бас дәрігері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 17 қарашадағы № 729 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5959 болып тіркелген) бекітілген Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарды мамандандырылған туберкулезге қарсы ұйымдарда мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыру және болу режимін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес сотқа мәжбүрлеп емдеуді тағайындау туралы науқасқа арналған ұсынысқа қол қояды.

61. Халықты профилактикалық медициналық тексеріп-қарау тұрғылықты жері, жұмысы, қызметі, оқуы немесе медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), тергеу изоляторларында және түзету мекемелерінде ұстау орны бойынша медициналық ұйымдарда жаппай, топтық (эпидемиялық көрсетімдер бойынша) және жеке тәртіппен жүргізіледі.

62. Медициналық ұйымдардың басшылары аумақтық бөлімшелеріне осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес іс жүзіндегі тұрғылықты жері бойынша халықты флюорографиялық тексеріп-қарау жоспарының орындалуы туралы ай сайынғы есептерді ұсына отырып, профилактикалық медициналық тексеріп-қарауларды жоспарлауды, ұйымдастыруды және есепке алуды, халықты жеке есепке алу деректері бойынша флюорокартотеканы қалыптастыруды (амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымымен және флюорокабинетпен салыстыра отырып) қамтамасыз етеді.

63. «Тәуекел» тобының адамдарын флюорографиялық зерттеп-қарау жоспарын құру аумақтық–өндірістік қағидаты бойынша терапиялық учаскелер бөлінісінде ай сайын және өсіммен жүргізіледі. Емхана бойынша флюорографиялық зерттеп-қараудың жоспарын осы ұйымның басшысы бекітеді және ТҚҰ-ның басшысымен және аумақтық бөлімшесінің басшысымен келіседі.

64. «Туберкулез» диагнозын ТҚҰ ОДКК растайды және емдеуге жатқызу, бақылау және емдеу қажеттілігі туралы шешім қабылдайды.

65. Балаларда туберкулезді ерте анықтау мақсатында тері ішіне арналған туберкулині бар аллергиялық сынаманы қолданады. Туберкулиндік диагностиканы туберкулезге қарсы вакцинацияланған тәуекел тобындағы балаларға 12 айынан бастап 14 жасқа толғанға дейін жүргізеді, Манту сынамасын бұрыңғы сынамалардың нәтижесіне қарамастан, жылына бір рет 12 ай интервалмен № 994 бұйрығымен бекітілген туберкулез бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес салады.

66. Ата-аналары Манту сынамасын қойған сәттен бастап бір айдың ішінде туберкулез ауруының жоқтығы туралы еркін түрде фтизиатрдың қорытындысын ұсынбаған, туберкулезге қарсы диспансерге консультацияға жіберілген балалар мектепке дейінгі және бастауыш орта білім беру ұйымдарына жіберілмейді.

67. Балаларды жеке есепке алу деректері бойынша (туберкулезді ерте анықтау мақсатында) жүргізілген Манту сынамасын жоспарлау, ұйымдастыру, уақтылы және толық есепке алуды, сондай-ақ туберкулиндік диагностика нәтижелері бойынша фтизиатрға толық зерттеп-қарауға жіберілген балалардың уақтылы келу және зерттеп-қаралу мәселесі бойынша медициналық туберкулезге қарсы ұйыммен өзара іс-қимылды медициналық ұйымдардың басшылары қамтамасыз етеді.

68. Манту сынамасын қою жоспарының орындалуы туралы есепті медициналық ұйымдар ай сайын осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аумақтық бөлімшесіне ұсынады.

69. Туберкулезді ерте анықтау мақсатында № 994 бұйрығымен бекітілген туберкулез бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес профилактикалық медициналық және флюорографиялық тексеріп-қараулар жүргізіледі.

70. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарының медицина қызметкерлеріне:

1) аурудың клиникалық белгілері бар адамдар арасында қақырық жағындысын микроскопия әдісімен және туберкулез ауруының қаупі жоғары тұрғындар арасында флюорография әдісімен туберкулезді ерте («тәуекел» тобы) анықтау;

2) бақылануатын химиялық терапияны жүзеге асыру;

3) халық арасында туберкулездің алғашқы белгілері және оның алдын алу әдістері туралы түсіндіру жұмысын жүргізу жүктеледі.

71. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарының медицина қызметкерлері қақырықты жинауды және оны зерттеу үшін зертханаға уақтылы жеткізуді жүзеге асырады. Қақырық жинауды ТҚҰ-да оқытылған және жыл сайын қайта даярлаудан өтетін медицина қызметкері жүргізеді.

72. Халық арасында флюорография әдісімен туберкулезді анықтау 15 жастан бастап жүргізіледі. Флюорография нәтижесі оң адамдарды толық зерттеп-қарау кезеңі қалалық жерде екі аптадан аспауы, ауылдық жерде бір айдан аспауы тиіс.

73. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарында және стационарларда флюросуретті талдау екі кезеңмен (екі рет оқу) жүргізіледі. Медициналық кітапшаларда жұмысқа рұқсат беру қайта (екінші) оқу нәтижесінің негізінде қойылады.

74. Барлық босанған әйелдер шығарылған кезге дейін перинаталдық орталықта (босандыру бөлімшесінде) болған кезеңінде флюорография әдісімен туберкулезге зерттеп-қаралуға жатады. Перинаталдық орталықтың (босандыру бөлімшесінің) басшылары босанудан кейінгі кезеңде туберкулезге күдікті әйелдерді жеке палатаға уақтылы оқшаулауды және туберкулезге күдік анықталған сәттен бастап алты сағат ішінде туберкулезді растау немесе жоққа шығару мақсатында фтизиатр-дәрігер консультанттың шақыруды және қосымша зерттеу жүргізуді қамтамасыз етеді.

75. Қақырықты жинау кабинетінде тікелей қақырық жинауға пайдаланылатын үй-жайдың бір бөлігі жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдан жасалған қалқамен толық биіктігінің бойымен бөлінеді. Қақырық жинау бөлмесі бактерицидті экрандалған сәулелегіштермен, ингалятормен, антисептикалық сабынмен және антисептик ерітіндісімен дозаторы бар қол жууға арналған раковинамен, дезинфекциялық ерітіндісі бар сыйымдылықтармен, таза контейнерлер мен қақырығы бар контейнерлерге арналған сыйымдылықтармен жарақталады, ауа алмасу жиілігі сағатына кемінде 6-12 көлем болатын жергілікті желдету жүйесімен жабдықталады.

76. Бактериоскопиялық зертханаларда үш секция болады:

1) биологиялық ішке сору шкафында жағындыларды дайындауға және жағындыларды бояуға арналған екі бөлікке бөлінген үстелі бар жағындыларды дайындауға және бояуға арналған;

2) микроскопияға арналған;

3) препараттарды тіркеуге және сақтауға арналған.

77. ТҚҰ персоналы жұқтыру қаупі жоғары жерлерде қорғау дәрежесі жоғары респираторларды (кемінде 94,0 пайыз (бұдан әрі - %) қолданады. Респираторлар көп рет пайдаланылады. Бетке тығыз жабыспайтын, сүзгісі бұзылған, қан немесе биологиялық сұйықтықтармен ластанған респиторды пайдалануға жол берілмейді.

78. Профилактикалық егулерді жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу медициналық ұйымдармен Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және № 994 бұйрықпен бекітілген туберкулез бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

79. Туберкулезге қарсы профилактикалық егулердің жиынтық жоспары және медициналық ұйымдардың медициналық иммунобиологиялық препараттарға қажеттілігі оның басшыларымен бекітіледі және аумақтық бөлімшелерімен келіседі.

80. Профилактикалық егулер жоспарын тұрғылықты жері бойынша перинаталдық орталықтың (босандыру бөлімшесінің) және медициналық ұйымдардың, білім беру ұйымдарының егу жұмысын жүргізуге жауапты медицина қызметкерлері жасайды.

81. Ведомстволық тиесілігі мен меншік нысанына қарамастан, білім беру ұйымдарына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарға, интернаттарға баратын балаларды есепке алуды жылына бір рет жүргізеді. Ұйымдарға баратын балалар туралы мәліметтерді ұйымның орналасқан орны бойынша амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымына береді.

82. АИТВ инфекциясын жұқтырған анадан туған жаңа туған нәрестелерді туберкулезге қарсы вакцинациялау Кодекстің 144-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

83. Әрбір алғаш анықталған туберкулез жағдайы тіркелуге және есепке алынуға жатады.

84. Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, еңбек мигранттары және Қазақстан Республикасының аумағындағы адамдар оларда туберкулездің белсенді түрі алғаш анықталған кезде есепке алынуға жатады.

85. Туберкулезбен ауыратын науқастарды есепке алу және тіркеу науқастың тұрақты мекенжайына қарамастан ауру анықталған орны бойынша жүргізіледі.

86. Барлық шоғырлану түріндегі белсенді туберкулез диагнозы өмірінде алғаш рет қойылған әрбір науқасқа № 907 бұйрықпен бекітілген № 089/е нысан - хабарлама толтырылады, ол күнтізбелік үш күн ішінде туберкулезге қарсы ұйымдарға және аумақтық бөлімшелеріне жіберіледі. Өліміне себеп болған «Белсенді туберкулез» диагнозы өлгеннен кейін қойылған жағдайда диагнозды фтизиатр-дәрігердің растауы және № 089/е нысаны берілуі қажет.

87. Бактерия бөлетін туберкулезбен ауыратын науқас анықталған кезде № 089/е нысанындағы хабарламадан басқа, № 907 бұйрықпен бекітілген № 058/е нысан бойынша хабарлама толтырылады, ол жиырма төрт сағат ішінде науқастың тұрғылықты жері бойынша аумақтық бөлімшелеріне жіберіледі. № 907 бұйрықпен бекітілген № 058/е нысанындағы хабарлама бактерия бөлетін туберкулез жағдайын алғаш диагностикалағанда, туберкулездің белсенді емес түрімен ауыратын науқастарда бактерия бөлу пайда болғанда және тірі кезінде есепте тұрмаған науқастың туберкулезден қайтыс болған жағдайларында толтырылады.

88. Туберкулез (сырқаттанушылық, аурушаңдық, өлім-жітім) бойынша эпидемиологиялық көрсетімдерді есептеуді тұрақты, көшіп-қонатын (ішкі және сыртқы) және түрме тұрғындарын есепке ала отырып, халықтың көрсетілген санаттары бойынша бөлек талдау арқылы жүргізеді.

89. Туберкулезбен ауыратын науқастардың барлық өлім-жітім жағдайлары есепке алуға және тіркеуге жатады.

90. Науқаста алғаш рет ауру анықталған кезде туберкулез диагнозының дұрыстығын бақылауды және аталған жердегі туберкулез ауруының жаңа жағдайын есепке алу және тіркеу қажеттілігі туралы соңғы шешімді қабылдауды ТҚҰ жүзеге асырады.

91. Туберкулез ошақтарын жіктеу бактерия бөлу қарқындылығын есепке ала отырып жүргізіледі.

92. Бактерия бөлу қарқындылығы:

1) қышқылға төзімді бактериялардың нақты санынан 1+ -ке дейін бірқалыпты бактерия бөлу;

2) көлемді бактерия бөлу (2+ -тен 3+-ке дейін) болып бөлінеді.

93. Туберкулез ошақтарының бірінші эпидемиологиялық тобына:

1) көлемді бактерия бөлетін науқастар тұратын ошақтар;

2) балалар мен жасөспірімдер, жүкті әйелдер, масқүнемдер, нашақорлар бар бірқалыпты бактерия бөлетін науқастар тұратын ошақтар;

3) санитариялық-гигиеналық жағдайлары қанағаттанарлықсыз, тұрмыс деңгейі төмен ошақтар жатады.

Екінші эпидемиологиялық топқа ошақта санитариялық-гигиеналық жағдайлары қанағаттанарлық болған және ошақта балалар мен жасөспірімдер, жүкті әйелдер, масқүнемдер, нашақорлар болмаған болмаған жағдайда, бірқалыпты бактерия бөлетін туберкулезбен ауыратын науқастар тұратын туберкулез ошақтары жатады.

Үшінші эпидемиологиялық топқа:

туберкулезбен ауыратын науқастардың бактерия бөлуді, жол жүруді, тұрақты тұратын жерін ауыстыруды тоқтатқан сәттен бастап немесе бактерия бөлетін туберкулезбен ауыратын науқастың қайтыс болған сәтінен бастап туберкулез ошақтары;

туберкулезбен ауыратын ауыл шаруашылығы жануарлары анықталған туберкулез ошақтары жатады.

Туберкулез ошақтарының үшінші тобының байланыста болған адамдары бір жыл бойы бақылауда болады.

94. Туберкулез инфекциясының ошағындағы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар мыналарды қамтиды:

1) туберкулезбен ауыратын науқасты туберкулезге қарсы препараттармен емдеу және стационарлық жағдайда оқшаулау. Амбулаториялық жағдайларда емдеуге эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтау жағдайлары болғанда және аумақтық бөлімшелерімен келісілгенде жол беріледі;

2) науқас анықталған күннен бастап екі апта мерзімде байланыста болған адамдарды алғашқы зерттеп-қарау (клиникалық - рентгенологиялық, Манту сынамасын қою, рекомбинантты туберкулезді аллергенмен тест, көрсетімдер бойынша жағындының микроскопиясы);

3) байланыста болған адамдарға (балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге) көрсетімдер бойынша химиялық профилактика жүргізу;

4) дезинфекциялауды ұйымдастыру және жүргізу;

5) медициналық қызметкерлердің науқастар мен олардың отбасы мүшелерін санитариялық - эпидемияға қарсы және санитариялық-гигиеналық режимдерді сақтау, инфекция жұқтырудың алдын алуға бағытталған қорғаныш шараларына, ағымдық дезинфекция жүргізуге санитариялық оқыту.

95. Ошақ науқасты емдеу «Емдеу аяқталды», «Емдеп айықтырылды», «Қайтыс болды» деп аяқталған кезде және науқас ошақтан шығарылған кезде эпидемиологиялық есептен алып тасталады.

96. Байланыста болған адамдар эпидемиологиялық есептен ошақ алып тасталғаннан кейін жыл бойы бақылауда болады. Эпидемиологиялық есептен алыну алдында байланыста болған адамдар зерттеп-қараудан өтеді.

97. Туберкулез ошақтарында ошақтың эпидемиологиялық тобына сәйкес санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі. Ошақтарға ТҚҰ-ның және аумақтық бөлімшелерінің мамандары бірлесіп:

1) бірінші эпидемиологиялық топқа тоқсанына бір реттен сиретпей;

2) екінші эпидемиологиялық топқа жарты жылда бір реттен сиретпей;

3) үшінші эпидемиологиялық топқа жылына бір реттен сиретпей барады.

98. Туберкулез ошағын бір эпидемиологиялық топтан екіншісіне ауыстыруды ошақта оның қауіптілігін азайтатын немесе арттыратын жағдайлар өзгерген кезде аумақтық бөлімшелерінің мамандары учаскелік фтизиатрмен бірлесіп жүзеге асырады.

99. Бактерия шығаратын науқастардың санын ТҚҰ-да есепте тұрған бактерия шығаратын науқастардың нақты санымен салыстыруды аумақтық бөлімшелерінің мамандары ай сайын жүргізеді. ТҚҰ аумақтық бөлімшелеріне туберкулезбен алғаш рет ауырғаны анықталған науқастар туралы деректерді ай сайын жібереді және туберкулез бойынша есептілікті салыстырады.

100. Туберкулез ошақтарына әрбір барудың нәтижелері «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 415 бұйрық) бекітілген № 211/е нысаны бойынша эпидемиологиялық зерттеп-қарау картасына жазылады.

101. Ошақтағы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар алғашқы, ағымдағы және қорытынды болып бөлінеді.

102. Алғашқы іс-шаралар туберкулезбен ауыратын науқасты оқшаулауды және оны даярланған қызметкердің тікелей бақылауымен емдеуді, қорытынды дезинфекция жүргізуді және бақылауды, байланыста болған адамдарды анықтауды және оларды ТҚҰ-ға есепке қоя отырып, зерттеп-қарауды қамтиды.

103. Алғашқы күнтізбелік үш күн ішінде науқасты бактерия бөлуші ретінде есепке алғаннан кейін № 415 бұйрықтың № 211/е нысаны бойынша «Тубекулездің бацилалдық түрінің ошағын эпидемиологиялық зерттеп-қарау картасын» толтыра отырып, аумақтық бөлімшесінің бейінді маманы ТҚҰ маманымен бірге ошаққа алғашқы эпидемиологиялық зерттеп-қарау жүргізеді.

104. Ошақты алғаш зерттеп-қараған кезде науқастың жұмыс орны мен сипатын қоса алғанда, науқастың және оның отбасы мүшелері туралы деректер, оларды есепке қою үшін байланыста болған адамдардың тізімін анықталады. Байланыста болған адамдардың тізімі соңғы төрт айда байланыста болған адамдарды есепке ала отырып нақтыланады. Ошаққа қайта бару аумақтық бөлімшенің бейінді маманының ұйғарымы бойынша жүргізіледі.

105. Зерттеп-қарауға жататын контингент пен «тәуекел» тобы арасында туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастардың тіркелуінің әрбір жағдайында аумақтық бөлімшесінің бейінді маманы осы ұйымның фтизиатрымен және медицина қызметкерімен және оның басшысымен бірлесіп акті жасай отырып, науқастың жұмыс (оқу) орны бойынша эпидемиологиялық тергеп-тексеру жүргізеді.

106. Қажет болғанда санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдары мен ұйымдарының бейінді мамандары тартылады.

107. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымының және ТҚҰ желісінің медицина қызметкерлері науқасты және отбасы мүшелерін жұқтырудың алдын алуға бағытталған қорғаныш шараларына оқытады.

108. Ошақты зерттеп-қарағаннан кейін оны сауықтыру жоспарын құрады, ол:

1) науқасты уақтылы оқшаулауды және бақылап емдеуді;

2) көрсетімдер бойынша балалар мен жасөспірімдерге химиялық профилактика жүргізуді;

3) тұрмыстың санитариялық-гигиеналық жағдайын жақсартуды;

4) байланыста болған адамдарды зерттеп-қарауды;

5) науқастар мен байланыста болған ересектерді эпидемияға қарсы және санитариялық-гигиеналық режимді сақтауға, алдымен бөлмелерді желдету, ағымдық дезинфекциялау жүргізуге оқытуды;

6) бактерия бөлуші адамды және оның отбасы мүшелерін әлеуметтік, психологиялық және ақпараттық қолдауды;

7) қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайдағы ошақтар және ошақты сауықтыру үшін қажет етілетін әлеуметтік және материалдық көмек көрсетудің қажеттілігі туралы жергілікті атқарушы органдарына хабарлауды қамтиды.

109. Науқасқа № 907 бұйрықпен бекітілген ТБ 16/е нысан бойынша «Диспансерлік конгитентті бақылау картасы» толтырады.

110. Ауылдық жерлерде ошақта жұмысты амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымының медицина қызметкерлері жүргізеді.

111. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар желісінде ұйымдастыру-консультативтік жұмысты облыстық және аудандық ТҚҰ мамандары тоқсан сайын жүргізеді.

112. Ошақта ағымдағы іс-шаралар туберкулезбен ауыратын науқас үйде болғанда жүргізіледі. Бұл іс-шаралар санитариялық–эпидемияға қарсы, санитариялық – профилактикалық, емдеу, ветеринариялық (келісім бойынша) іс-шараларды жүйелі жоспарлы жүргізуді қамтиды.

113. Ошақта:

1) ағымдағы дезинфекция;

2) балаларды, оның ішінде жаңа туған нәрестелерді және АИТВ жұқтырған адамдарды оқшаулау;

3) байланыста болған адамдарды зерттеп-қарау;

4) науқасты және оның отбасы мүшелерін гигиеналық тәрбиелеу;

5) тұрмыстың санитариялық-гигиеналық жағдайын жақсарту;

6) науқасты амбулаториялық емдеуді және байланыста болған адамдарға химиялық профилактика жүргізуге бақылау жүргізіледі.

114. Ошақты сауықтыру жұмысын ТҚҰ-ның мейіргері учаскелік фтизиатр-дәрігердің басшылығымен жүргізіледі.

115. Байланыста болған адамдар амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымның фтизиаторында және ТҚҰ мерзімдік зерттеп-қараудан өтеді. Мейіргер байланыста болған адамдарды және алдымен балаларды, жасөспірімдерді және жүкті әйелдерді, сондай-ақ туберкулезбен ауырған ауыл шаруашылығы жануарлармен байланыста болған адамдарды зерттеп-қарау бойынша жұмысты жүргізеді.

116. Туберкулез инфекциясы ошағындағы қорытынды санитариялық–эпидемияға қарсы іс-шара ошақты эпидемиологиялық есептен алуды көздейді.

117. Ошақтарға барған кезде медицина қызметкерлері жұқтыру мүмкіндігіне қарсы сақтандыру шараларын сақтайды (барабар сүзгісі бар тығыз жанасатын респиратор, медициналық халат киеді және жеке гигиенаны сақтайды).

118. Науқас туралы хабар алғаннан кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей фтизиатр және аумақтық бөлімшесінің бейінді маманы санитариялық–эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мамандарын тарта отырып, жұмыс (оқу) орнына эпидемиологиялық зерттеп-қарау жүргізеді. Байланыста болған адамдардың ортасын және ошақ шекарасын аумақтық бөлімшесінің бейінді маманы айқындайды.

119. Жұмыс (оқу) орны бойынша байланыста болған адамдарға туберкулездің белсенді түрімен ауырған адаммен байланыста болған жұмысшылар, қызметшілер және оқушылар жатады. Барлық байланыста болған адамдарды жұмыс (оқу) орнының орналасқан жері бойынша амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарында тексереді.

120. Зерттеп-қарау кезінде жұмыс істеушілер, балалар мен жасөспірімдердің тізімдік құрамы, алдыңғы және ағымдағы жылдардағы флюорографиялық зерттеп-қарау күні және нәтижелері нақтыланады, ошақ шекарасы айқындалады және санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар жоспары әзірленеді.

121. Алдыңғы зерттеп-қаралған кезден бастап алты ай өткен байланыста болған адамдарды флюорографиялық зерттеп-қарау және балаларға туберкулин сынамасы, рекомбинантты туберкулезді аллерген тесті эпидкөрсетімдер бойынша жүргізіледі. Фтизиатр көрсетімдер бойынша химиялық-профилактикалық емдеуді тағайындайды, № 907 бұйрықпен бекітілген ТБ 16/е нысан бойынша «Диспансерлік конгитентті бақылау картасы» және бақылап емдеуге арналған препараттарды кәсіпорынның немесе ұйымның медициналық пунктіне береді.

122. Барлық байланыста болған адамдар туралы мәліметтерді аумақтық бөлімшесінің бейінді маманы зерттеп-қарау үшін тұрғылықты жері бойынша амбулаториялық – емханалық көмек көрсететін ұйымына және ТҚҰ-ға береді.

123. Туберкулездің химиялық профилактикасы № 994 бұйрықпен бекітілген туберкулез бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

124. Соматикалық, инфекциялық және психикалық денсаулық орталықтарда, медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) емдеудегі науқастарда туберкулездің белсенді түрінің диагнозы қойылғанда санитариялық – эпидемияға қарсы іс-шаралардың алғашқы кешенін осы ұйымның персоналы жүзеге асырады.

125. Амбулаториялық емдеу ТҚҰ диспансерлік бөлімшелерінде, амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарында немесе стационарды алмастыратын технологиялар жағдайында жүргізіледі. Амбулаториялық емдеу бактерия бөлмейтін науқастарға жүргізіледі. Тұрғылықты жері бойынша амбулаториялық емдеу жүргізу тәртібі № 907 бұйрықпен бекітілген № 025-5/е нысаны бойынша амбулаториялық пациенттің картасында және № 907 бұйрықпен бекітілген туберкулезбен ауыратын науқастың ТБ-01 медициналық картасында толық көрсетіледі.

126. ТҚҰ немесе амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымға амбулаториялық емдеуге жіберген кезде № 907 бұйрықпен бекітілген ТБ-01 немесе IV санатты ТБ-01 картасы беріледі.

127. ТҚҰ туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеу кезінде жағынды микроскопиясын және қақырықты өсірінділеп зерттеуді жүргізеді: I санаттағы науқастарды емдеу кезінде 2,3,4-айдан соң; II санат бойынша 3,4,5-айдан соң, қарқынды фазадағы IV санат бойынша – ай сайын, демеуші фазасында – тоқсан сайын.

128. Туберкулезбен сырқаттанғандарды диспансерлік есепке алу және бақылау № 994 бұйрықпен бекітілген туберкулез бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

129. Туберкулез ошақтарында ағымдағы дезинфекциялауды дезинфекциялық ерітіндіге жеке түкіргіштерді, тамақ қалдықтарын, жеке ыдыс аяқтарын салып қою, сонымен бірге үй-жайды жылдың жылы мезгілінде үй-жайларды тұрақты желдету және жылдың салқын уақытында әр сағат сайын 5-10 минут желдету. Іс-шаралар «Бактерия бөлетін туберкулез» диагнозы қойылған және науқасты есепке алған сәттен бастап санитариялық-гигиеналық, санитариялық-эпидемияға қарсы және дезинфекциялау режимдерін сақтауды көздейді.

130. Ошақта жүргізілетін ағымдағы дезинфекциялауды науқастардың өздері жүзеге асырады, ТҚҰ науқастарға пайдалануға тығыз жабылатын қақпақтары бар (кемінде екеу) түкіргішті және дезинфекциялау құралдарын береді. ТҚҰ жоқ елді мекендерде дезинфекциялау құралдарын амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымы береді.

Науқастың № 907 бұйрықпен бекітілген № 025-5/е нысаны бойынша амбулаториялық пациенттің картасында учаскелік дәрігер ағымдағы дезинфекцияны жүргізу және аяқтау күнін белгілейді. Ағымдағы дезинфекцияны жүргізуді науқасқа немесе отбасы мүшелерінің біреуіне (балалар мен жасөспірімдерден басқа) тапсырады.

131. Учаскелік фтизиатр науқасты санитариялық-гигиеналық режимге оқытады: бетперденi пайдалану, қақырықты түкіргішке түкіру және ағымдағы дезинфекцияны жүргізу.

132. ТҚҰ-ның басшысы уақтылы және сапалы ағымдағы дезинфекцияны қамтамасыз етеді.

133. Механикалық іске қосылатын сыртқа тарату-ішке сору желдеткіші болмаған жағдайда, ТҚҰ-ның барлық үй-жайлары тұрақты: жылдың жылы мезгілінде үнемі және жылдың салқын мезгілінде әр сағат сайын 5-10 минуттан желдетіледі.

134. Стационарда болған кезде науқастың сыртқы киімін арнайы үй-жайда сақтайды. Науқас сыртқы киімін күндіз таза ауаға шыққан кезде пайдаланады.

135. Науқас ауруханадан шыққаннан кейін төсек жабдықтары (стационарға тиесілі жастықтар, матрацтар, көрпелер) дезинфекциялау камерасында зарарсыздандырылады.

136. Үй-жайлар және күнделікті қолданылатын заттар күн сайын ылғалды тазартылуға жатады.

137. Түкіргіштерді жинауды, зарарсыздандыруды және беруді арнайы бөлінген үй-жайда жеке қорғаныш құралдарын қолдана отырып, дайындалған персонал жүзеге асырады.

138. Пайдаланылған асхана ыдыс-аяқтарын буфеттегі таңбаланған үстелде қолғаппен жинайды, оны тамақ қалдықтарынан тазартады, алдын ала жумай, бөлек ыдыста зарарсыздандырады, содан кейін жуады және кептіру шкафында немесе бөлек үстелде кептіреді.

Ыдыс-аяқтарды ауа стерилизаторында зарарсыздандырады. Пайдаланылған ыдыс-аяқты жинағаннан кейін үстелді дезинфекциялау ерітіндісіне малынған шүберекпен сүртеді.

139. Тамақ қалдықтарын сыйымдылыққа (шелекке, баққа) жинайды, 5-ке 1 қатынасында құрғақ дезинфекциялау құралын себеді.

140. Лас киім-кешекті сұрыптау қабырғаларына 1,5 метр биіктікте кафель қойылған және механикалық сыртқа тарату-ішке сору желдеткішімен жабдықталған бөлмеде арнайы киімде, респираторларда, қолғаппен, резеңке аяқ киіммен жүргізіледі.

141. Киімді клеенка қапта жинайды, кір жуатын орынға жібереді. Бөлек кір жуатын орын болмаған жағдайда, киім-кешекті кір жуатын жерге жіберу алдында алдын ала зарарсыздандырады және белгіленген күндері бөлек машиналарда жуады.

142. Стационарлық бактерия бөлуші науқастарға ауыр жағдайларды қоспағанда адамдардың кіруіне жол берілмейді. Бұл ретте келушілер жеке қорғаныш құралдарын (респиратор, халат) пайдаланады. Науқастар медицина персоналының рұқсатымен ғана стационардан шығады.

143. ТҚҰ қорытынды дезинфекциялау қайта бейіндеу, көшу, реконструкциялау, жөндеу жағдайларының барлығында дезинфекциялау құралдарының бірімен, сондай-ақ жылына бір рет профилактикалық мақсатта жүргізіледі. Жабылып жатқан туберкулезге қарсы стационарлардың ғимараттарын қорытынды дезинфекция және күрделі жөндеу жүргізілгеннен кейін қоғамдық ғимаратты орналастыруы үшін пайдалануға рұқсат етіледі.

144. Ошақтарда қорытынды дезинфекциялауды филиалдар туберкулезге қарсы диспансерден өтінім алған кезден бастап алты (қала) немесе он екі сағат (ауыл) ішінде жүргізеді.

145. Қорытынды дезинфекцияны науқастың ошақтан шығу және үйде қайтыс болу жағдайларының барлығында; көшіп кеткеннен кейін тұратын жерін ауыстырғанда (пәтерлерді немесе бөлмені заттарымен бірге өңдеу) жүргізеді.

146. Аумақтық бөлімшелері:

1) ТҚҰ бірлесіп туберкулезге қарсы күрес бойынша өңірлік бағдарламалар дайындауды;

2) туберкулезге қарсы егілген егулер мен контингенттер туралы мемлекеттік есепке алуды және есептілікті;

3) егулерді және туберкулин сынамаларын, рекомбинантты туберкулезді аллергенмен тестін жоспарлауда, БЦЖ вакцинасы мен туберкулин, Манту сынамасына қажеттілігін айқындауда медициналық ұйымдарына әдістемелік және консультативтік көмек көрсетуді;

4) БЦЖ вакцинасы мен туберкулинді тасымалдауды, сақтауды және есепке алуды қадағалауды;

5) профилактикалық медициналық тексеріп-қараудың уақтылы жүргізілуін, бациллярлық науқастардың уақтылы емдеуге жатқызылуын, туберкулез ошақтарында эпидтопқа сәйкес санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, ТБҰ-да санитариялық-эпидемияға қарсы режимнің сақталуын бақылауды;

6) туберкулез бойынша қолайсыз шаруашылықтардағы жануарларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын адамдардың жұқтыруының алдын алу бойынша іс-шаралардың сақталуын, мал шаруашылығы қызметкерлері еңбегінің қорғалуын, шаруашылықтарда және фермаларда профилактикалық іс-шаралардың орындалуын бақылауды;

7) туберкулезге қарсы күрес саласындағы мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды;

8) туберкулезге қарсы және медициналық ұйымдардың мамандарымен бірлесіп медициналық қызметкерлерді БЦЖ вакцинасымен және туберкулинмен жұмыс істеу, туберкулезге қарсы профилактикалық егулерді және туберкулиндік диагностиканы жүргізу, инфекциялық бақылау шараларын сақтау бойынша даярлауды;

9) есепті жылы алғашқы рет анықталған туберкулезбен ауыратын науқастарды № 907 бұйрықпен бекітілген № 089/е нысан хабарламасы негізінде және № 058/е нысан шұғыл хабарламасы негізінде бактерия бөлетін адамдарды есепке алуды;

10) туберкулезге қарсы, медициналық ұйымдардың және денсаулық сақтау саласында уәкілетті органның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының мамандарымен бірлесіп тұрғындар арасында туберкулездің алдын алу шаралары туралы түсіндіру жұмысын;

11) халықтың декреттелген тобы арасында микроскопия, флюорография, рекомбинантты туберкулезді аллергенмен тест және туберкулин сынамасы әдісімен міндетті контингент пен «тәуекел» тобы арасынан туберкулезді анықтауды ұйымдастыруға бақылауды;

12) ТҚҰ және медициналық ұйымдардың мамандарымен бірлесіп амбулаториялық емдеудегі туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеуге бақылауды жүргізеді, «Айықтырылды» немесе «Емдеу аяқталды» деген нәтижеге дейін БК+ туберкулез ошақтарында іс-шаралар жүргізілуіне мониторингті жүзеге асырады;

13) типі, инфекциялық мәртебесі және көптеген дәрілерге төзімділігінің болуы бойынша туберкулезбен ауыратын науқастарды жеке емдеуге жатқызуға бақылауды жүргізеді;

14) жұмыс берушілерді ішкі және сыртқы еңбек мигранттарының жыл сайынғы флюорографиялық зерттеп-қараудан өту қажеттілігі туралы ақпараттандырады.

4-параграф. Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

147. Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың (бұдан әрі – МККИ) алдын алу жөніндегі іс-шараларды тиімді ұйымдастыру және жүргізу үшін әрбір медициналық ұйымда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы №19 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8339 болып тіркелген) (бұдан әрі - №19 бұйрық) инфекциялық бақылауды жүргізу қағидаларына сәйкес инфекциялық бақылау бағдарламасы әзірленеді.

(Жалғасы бар)